

# Миңата



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТІ

## РУХ пен НӘПСІ



ҒАЛЫМДАР АЙТАДЫ: «ЖАРАТЫЛЫСЫ ЖЫҚПЫЛДЫ АДАМ БАЛАСЫНЫҢ ТАБИҒАТЫ МЫНА ҮШ СИПАТТАН ҚҰРАЛАДЫ. БІРІНШІСІ, ЖАНУАРЛЫҚ, Яғни «ШСЕМ-ЖЕСЕМ, ҰЙЫҚТАСАМ, КӨБЕЙСЕМ» деген қажеттілігі бар екіншісі, ПЕРІШТЕЛІК – ЖАРЫҚҚА, ТАЗАЛЫҚҚА, ЖАҚСЫЛЫҚҚА ҰМТЫЛҒАН. ҮШІНШІСІ, ШАЙТАНИ – АЛДАУ, АРБАУ, ҚИЯНАТ, ЗОРЛЫҚҚА БЕЙІМ. КӨБІНЕ ОСЫ ЖАНУАРЛЫҚ ҚАЛЫП ПЕН ШАЙТАНИ ТІЛЕКТІ ҚОСЫНДЫСЫ «НӘПСІ» ДЕП АТАЛАДЫ. НӘПСІ – «ЖАЛҒАН МЕННІҢ» МАЗМҰНЫ. ОНЫҢ САНАСЫ – ӨЗІМШІЛДІК, ҚАТЫНАСЫ – НЕ ПАЙДА ІЗДЕУ НЕ ҚАУІП КҮТУ...

» 6

## ИСЛАМОФОБИЯ – ОБРАТНАЯ ФОРМА РАДИКАЛИЗМА

ХОТЯ В ПОСЛЕДНЕЕ ВРЕМЯ МЫ ЧАСТО СЛОВО «ИСЛАМОФОБИЯ», ОНО ВПЕРВЫЕ БЫЛО ИСПОЛЬЗОВАНО ФРАНЦУЗСКИМИ ВЫХОДЦАМИ В ПЕРВОМ ДЕСЯТИЛЕТИИ ДЕВЯТНАДЦАТОГО ВЕКА. ИСЛАМОФОБИЯ – СОСТОИТ ИЗ ДВУХ СЛОВ ИСЛАМ И ФОБИЯ. ИСЛАМОФОБИЯ – ЭТО СОВОКУПНОСТЬ ЛОЖНЫХ СУЖДЕНИЙ И ЛОЖНЫХ ВЗГЛЯДОВ, СФОРМИРОВАННЫХ ПРОТИВ ИСЛАМА В АНТИМУСУЛЬМАНСКОМ ОБЩЕСТВЕ. ИСЛАМОФОБИЯ – ЭТО РАЗЖИГАНИЕ НЕНАВИСТИ, СТРАХА, НЕНАВИСТИ К ИСЛАМСКОЙ РЕЛИГИИ И МУСУЛЬМАНСКОМУ ОБЩЕСТВУ ИСПОВЕДУЮЩЕМУ ИСЛАМ. ОНА ОСНОВАНА НА ОДНОБОКИХ ОШИБОЧНЫХ ПРЕДСТАВЛЕНИЯХ, СТЕРЕОТИПАХ И НЕДОСТАТОЧНЫХ ЗНАНИЯХ ОБ ИСЛАМЕ И ЕГО ПОСЛЕДОВАТЕЛЯХ. В ОБЩЕСТВЕ ИСЛАМОФОБИЯ МОЖЕТ ПРОЯВЛЯТЬСЯ В РАЗЛИЧНЫХ ФОРМАХ, ВКЛЮЧАЯ ДИСКРИМИНАЦИЮ, СТЕРЕОТИПЫ, ВРАЖДЕБНОЕ ПОВЕДЕНИЕ И ДАЖЕ НАСИЛИЕ.



» 7

## ӘЛ-ЛАТИФ ЕСІМІНІҢ ИЕСІ



ЕГЕР ӘЛ-ЛАТИФ (ЖАСЫРЫН МЕЙІРІМ ИЕСІ) БОЛҒАН АЛЛА СЕНЕН БІР ЖАМАНДЫҚТЫ АУЛАҚ ЕТУДІ ҚАЛАСА, СОЛ ЖАМАНДЫҚТЫ МҮЛДЕ КӨРМЕЙТІНДЕЙ ЕТЕДІ НЕМЕСЕ ЖАМАНДЫҚТЫҢ ЖОЛЫН СЕНІ МҮЛДЕ ТАБА АЛМАЙТЫНДАЙ ЕТП ЖАБАДЫ. СЕНІҢ БІР АРМАНЫҢ БАР МА? ОҒАН ЖЕТЕР ЖОЛДА СЕН ҮШІН ТАУДАЙ КЕДЕРГІЛЕР ТҮР МА? ДӘРІГЕРЛЕР САҒАН ЖАҚЫНЫҢҒЫ ЖАЗЫЛУЫ МҮМКІН ЕМЕС ДЕП АЙТТЫ МА? СЕН ҚОЛЫҢНАН КЕЛЕТІН БАРЛЫҚ НӘРСЕНІ ЖАСАП ЖАТҚАНЫҢМЕН, ҚАЛАҒАН НӘТИЖЕГЕ ЖЕТЕ АЛМАЙ, ҮМІТІҢ ҮЗІЛГЕН БЕ? ОНДА МЕНІМЕН БІРГЕ АЛЛАНЫҢ «ӘЛ-ЛАТИФ» ЕСІМІН ТАНЫП КӨР. СЕН БҮЛ ЕСІМДІ ТЕРЕҢІРЕК ТАНЫП-БЫЛСЕН, БҮЛ ӨМІРДЕ МҮМКІН ЕМЕС ЕШТЕНЕ ЖОҒЫН ҰҒАСЫҢ. АЛЛАНЫҢ БАРЛЫҚ НӘРСЕГЕ ТОЛЫҚ ҚҰДІРЕТІ ЖЕТЕТІНІНЕ КҮӘ БОЛАСЫҢ, СОНДАЙ-АҚ ҚИЯЛЫҢДАҒЫ ҚОЛ ЖЕТПЕС АРМАҢДАРДЫҢ ӘЛ-ЛАТИФТІҢ ЕСІГІН ҚАҚҚАНДА ОРЫНДАЛАРЫ АНЫҚ ЕКЕНІН МОЙЫНДАЙСЫҢ.

Алланың «әл-Латиф» есімі тілдік тұрғыдан «лұтф» түбірінен алынып, құлдарына аса мейірімді, жаратылысына жақсылықты өте жұмсақ әрі нәзік түрде жеткізуші деген мағыналарды қамтиды. Арабтарда «Латафа-ллаһу ләк» – «Алла саған қалағаныңды нәзіктікпен, байқамаған хәлінде жеткізсін» деген тілек мағынасында сөз тіркестері бар. «Лұтф» сөзі жібектей жұмсақтықпен, білінбей жасалған жақсылық дегенді білдірумен қатар, жолдың, амалдың өте нәзік әрі жасырын болуын айтады. Ал саған жақсылықты нәзіктікпен жеткізе алатын жүректердің терең сырларын білуші Алла ғана. Алла Тағала – құлдарына олар білмейтін жақтан, байқамайтын тұстардан, көзге көрінбейтін жолдармен жақсылық жасаушы. Ол – пенделерінің ризық-

несібелерін күтпеген жерден, аса бір нәзіктікпен әрі сырлы жолмен жеткізуші. Бұл Оның камқорлығы мен құрметінің, тура жолға салуы мен қорғауының, тағдыр мен сынақтарды басқаруының ішінде көрінетін ерекше лұтфы (жұмсақтығы). Ол – шексіз құдірет иесі, ілімі ұшан-теңіз, әрбір жаратылысын көре тұра, құлдарына бағыттайтын нығметтерін жұмсақтықпен жеткізеді. Оның жақсылығы сені таңғалдырмай тұрып, оған дейін жүрегінді дайындайтын сүйінші самалдарымен келеді. Сол нығметтер келген кезде, оларды сенің өміріңе бейімдейді. Тіпті саған сол игіліктер өз еңбегіңмен келгендей көрінеді.

(Жалғасы 4-бетте)


## Еліміздегі

# ДІНТАНУ

ӘБІЛҰЛЫМ

ҚАЗАҚСТАНДА ДІН МЕН ДІНТАНУҒА деген қызығушылық кеңестік кезеңнен бастап-ақ зор болған. Алайда дінтану ғылым ретінде елімізде тым терең тарихқа ие болмағанымен, осы уақыт аралығында отандық ғалымдар бұл салада елеулі еңбек атқарды. ТАРИХҚА КӨЗ ЖҮПІРТСЕК, ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ-ДІНТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ БАСТАУЫ 1946 ЖЫЛҒЫ 1 МАУСЫМДА ҚАЗАҚ КСР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫМЕН ЖӘНЕ 1955 ЖЫЛЫ ОНЫҢ ҚҰРАМЫНДА ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ СЕКТОРЫНЫҢ АШЫЛУЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЕКЕНІН АЙТУҒА БОЛАДЫ.

» 6



## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 9 МЕДРЕСЕ-КОЛЛЕДЖ

Уақыт өте келе елімізде де дін ісі жүйеленіп, білікті мамандар шоғыры пайда болып, өзімізде де білім беретін діни оқу орындары салына бастады. Мәселен, әңгімесізге арқау болып отырған мүфтиятқа қарасты 9 медресе-колледж 2007-2010 жылдар аралығында еліміздің әр аймағынан бой көтерді. Арнаулы діни білім беретін оқу орны саналатын олардың барлығы да лицензия алды.

ҚМДБ Діни білім және кадр дайындау бөлімінің меңгерушісі Хасан Аманқұл: «Бүгінде 9 медресе-колледжде 2921 студент білім алуа. Оның 1759-ы – ер, 1162-і – қыз. Медреселер «0112000-Исламтану» мамандығы бойынша кадр дайындайды. Оқу мерзімі 11-сыныпты бітіріп түскендер үшін 2 жыл 10 айға созылса, 9-сыныпты тәмамдап келгендер үшін – 3 жыл 10 ай. 2010-2024 жылдар аралығында 9 медресе-колледжді 3965 шәкірт бітірді. Оның



2966-сы – ер, 999-ы – қыз. Медресе-колледждерде оқытылатын оқулықтар мен діни әдебиеттер ҚМДБ тарапынан бекітілген. Олардың әрқайсысы кітапхана, жатақхана, асхана, компьютер бөлмесі, интернет бөлмесі, медициналық пункттер және оқу

бөлмелерімен қамтамасыз етілген. Жастардың денсаулығына да көңіл бөліп, олардың дене шынықтыру, спортпен шұғылдануына да жағдай жасалған», – дейді.

(Жалғасы 3-бетте)

## САУД АРАБИЯСЫ ДЕЛЕГАЦИЯСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Астана қаласында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Сауд Арабиясының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Файсал бен Ханиф әл-Кахтанмен кездесті.

Кездесуде Қазақстан мен Сауд Арабиясы арасындағы рухани және діни байланысты одан әрі нығайту, екіжақты ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеру мәселелері талқыланды. Өз кезегінде мәртебелі мейман Сауд Арабиясы корольдігі атынан құрмет белгісі ретінде дәстүрлі сый құрма тарту етті.

## ИНСТИТУТҚА ҚАБЫЛДАНҒАН ШӘКІРТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

ҚМДБ Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы Түркиядағы «Хасеки» жоғары діни оқу орнына қабылданған шәкірттермен кездесті.

«Екіжақты келісім аясында Түркиядағы «Хасеки» институтында 2013 жылдан бері студенттеріміз білім алуда. Мұндағы оқу шығындары толықтай Түркия тарапынан өтеледі. Аталған оқу орнына Қазақстан тарапынан 2013-2025 жылдар аралығында 243 студент қабылданып, 139-ы оқуын аяқтап елге оралды. Олар бүгінде Діни басқарма жүйесінде қызмет атқаруда. Қазіргі таңда 49 студент аталмыш оқу орнында білім алуда» деді Бас мүфти.

Айта кетейік, биыл елімізден Нұр-Мұбарак университетінің 13 үздік түлегі және өңірлерде қызмет етіп жүрген 20 тәжірибелі дін қызметкері осы оқу орнының қабылдау емтиханына қатысты. Емтихан нәтижесінде оқуға түскен талапкерлер Түркияның беделді діни білім ордасында оқуын жалғастырып, кәсіби біліктілігін арттыру мүмкіндігіне ие болды.

## АҚСАҚАЛҒА ҚАЖЫЛЫҚҚА ЖОЛДАМА СЫЙЛАДЫ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы қайырымды ісі мен имандылықтың жарқын үлгісін көрсеткен 94 жастағы ақсақал Сағадат Жұмабаевқа шынайы алғысын білдіріп, қажылық сапарына жолдама сыйлады.

ҚМДБ Төрағасының тапсырмасымен Павлодар облысының бас имамы Жолдас Қоспақұлы мұфтият атынан берілген қажылық сапарының жолдама сертификатын Сағадат ақсақалға арнайы барып тапсырды.

Айта кетейік, Сағадат Жұмабаев Павлодар қаласындағы қарттар үйінде 13 жылдан бері тұрып келеді. Туыстары болмағанына қарамастан, ол өмір бойы қажылыққа деп жинаған қаржысын сыртат баласы бар аналарға таратып берген еді. Қария 3 600 000 теңгені 30 анаға бөліп, әрқайсысына 120 мың теңгеден көмек көрсеткен болатын.

## ПРОФЕССОР АТАҒЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Нұр-Мұбарак университетінің Дінтану кафедрасының доценті, философия ғылымдарының кандидаты Али Әлмұхаметовты профессор ғылыми атағын алуымен құттықтады.

Кездесу барысында ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы ғылымның дінмен үндестігін ерекше атап өтті. Бас мүфти өз сөзінде ата-бабаларымыздың ғылым мен дінді қатар алып, дін жолында аянбай қызмет еткенін тілге тиек етті. Сондай-ақ ғылыми атақтың оңайлықпен келмейтінін, ол үлкен ізденіс пен табанды еңбекті талап ететінін жеткізді.

Бас мүфти ғалымның осы жолдағы еңбегіне сәттілік тілеп, алдағы уақытта да жемісті қызмет етуіне, шәкірттерінің көп болуы, ілім нұрынан сусындауына тілтектестік білдірді. Кездесу соңында ғалым Али Рауыфұлы Наурызбай қажы Тағанұлына ғылымға көрсетіп отырған қолдауы мен қамқорлығы үшін өз ризашылығын білдірді.



Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы жұмыс сапарымен Шығыс Қазақстан облысына барды. Бас мүфти жұмыс сапарын Өскемен қаласындағы «әлФараби» мешітінің жамағатымен жүздесуден бастады. Құптан намазына жиналған жамағатпен жүздесуде Бас мүфти ізгілікке ұмтылу, қоғамға пайдалы болу және мұсылманның бөлсенді болмысы жөнінде уағыз-насихат айтты. Уағыз-насихаттан соң мешіт жамағатымен бірге құптан намазына қатысып, ел амандығы үшін арнайы дұға жасады.

Өскемен қаласында «Ас беру мәдениеті: салттың сабақтастығы, ұрпақтың ұлағаты» тақырыбында аймақтық ақсақалдар форумы өтті. Игі жиынға ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Ербол Жолдасбекулы, зиялы қауым өкілдері мен өңірдегі Ақсақалдар кеңесінің мүшелері қатысты. Басқосуда сөз сөйлеген Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы: «Бүгінде қоғамдағы кей күрделі мәселелердің шешілуіне ақсақалдарымыз елеулі үлес қосып, дін қызметкерлеріне қолдау көрсетіп келеді. Осы уақытқа дейін ел ішінде орын алған ысырапшылық пен шариғат талап етпейтін әрекеттердің алдын алу мақсатында имамдар форумында «Құдайы аста ысырапқа жол бермеу (тәртібі мен мәзірі)» құжаты қабылданды. Бұл құжатты халық арасында кеңінен насихаттап, жұртшылыққа түсіндіру ісінде ақсақалдарымыз белсенділік танытып келеді. Діни басқарманың бұл бастамасына қолдау білдірген барша қарияларға алғыс айтамын. Алла разы болсын! Шығыс Қазақстан облысындағы қарияларымыз да бұл игі бастамаға қолдау көрсетіп отыр. Жаратқан Иеміз қазыналы қарияларымызға күш-қуат, береке-бірлік нәсіп етсін!» — деді. Жиын барысында зиялы қауым өкілдері

мен ақсақалдар да сөз сөйлеп, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, ас беру мәдениетін шариғат талаптарына сай үйлестіру және ысыраптың алдын алу мәселелері жөнінде ой-пікірлерін білдірді. Сонымен қатар форум аясында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының 35 жылдығына арналған фотокөрме ұйымдастырылды. Форумға қатысу-



шылар көрмені тамашалап, еліміздің діни тарихына қатысты тың деректермен танысты.

ҚМДБ Төрағасы Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында өңірдегі 9 имамға діни-ағартушылық қызметі үшін Діни басқармасының 35 жылдығына орай

## БАС МҰФТИ – ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДА



дайындалған мерекелік медалды табыстады. «ҚМДБ-ның 35 жылдық тарихында ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан имамдарымыздың еңбегі қашан да құрметке лайық. Қоғамда әділет пен имандылықты насихаттап, халықты ізгілікке үндеп жүрген сіздердің қызметтеріңіз үшін алғыс білдіремін» деді Бас мүфти салтанатты

Бауыржан Жұмабеков (Өскемен қаласы Аблакетка кентіндегі мешіттің бас имамы), Мирас Көкебаев Сейілханұлы (Алтай ауданындағы «Ақтан» орталық мешітінің бас имамы), Дубек Құсайынов (Өскемен қаласындағы «Мұхамедов» мешітінің наиб имамы), Шодихан Хидиров (Өскемен қаласындағы «Қунта қажы» мешітінің наиб имамы, Тілейбек Соянұлы (Күршім аудандық мешітінің бас имамы), Санат Нұрғожин (Зайсан ауданы Қаратал ауылындағы «Мұхамедрахым Раманұлы атындағы» мешіттің молдасы) марапатталды.

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Таврия ауылында жаңа мешіттің салтанатты ашылуы өтті. Игі іс-шара қасиетті Құран аяттарын оқумен басталып, еліміздің амандығы мен жұртымыздың тыныштығы үшін арнайы дұға жасалды. Ашылу рәсіміне қатысқан Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы жамағатты құттықтап, мешіт салудың сауабы жайлы насихат айтты. Сондай-ақ жаңа мешіттің салынуына үлес қосқан азаматтарға ҚМДБ атынан алғысхат табыстап, ризашылығын білдірді. Сондай-ақ

рәсімде. Мерекелік медалмен Сайлау Бұқай (Ұлан ауданындағы «Жана-Қанай ауылдық мешітінің» молдасы), Еркінбай Ибраһим (Өскемен қаласындағы «Мұхамеди» мешітінің наиб имамы), Амангелді Жарасов (Ақжар ауылындағы «Байжігіт баба» мешітінің бас имамы),

ҚМДБ Төрағасы жаңа мешітте намаз оқып, жамағатқа уағыз айтты. Айта кетейік, Таврия ауылдық мешітінде бір мезетте 200 адам құшылығын өтей алады.

## АТЫРАУДАҒЫ АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР

Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы Атырау облысына жұмыс сапарымен барып, бірқатар іс-шараларға қатысты. ҚМДБ Төрағасы алдымен Қызылбалық ауылынан ашылған «Бақтыгерей молла» жанындағы Қарилар даярлау орталығының ашылуына қатысты. Игі іс-шара қасиетті Құран аяттарымен ашылып, Бас мүфти ел игілігі мен бірлігі үшін дұға жасады. Құран сауабын ел үшін жанын құрбан еткен ата-баба рухына бағыштады.

Берекелі басқосуда ҚМДБ Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы: «Аллаға шүкір, бүгінгі таңда еліміз бойынша 12 қарилар даяр-



лау орталығы бар. Мұнда шәкірттерге тек Құран жаттату емес, сонымен қатар дін мен дәстүр құндылықтарын үйрету, адамгершілікке баулу, патриотизмге тәрбиелеу сынды тағылымды насихаттар жүргізіледі. Егемен еліміздің енесі биіктеген сайын, дін саласындағы іргелі істердің де жандануы — заңдылық. Қарилар даярлау — Құранды жаттау ғана емес, жүрекке иман ұялату, Алланың сөзін өмірлік ұстаным етіп қабылдай алатын бұрын тәрбиелеу. Рухани байлықты арттыру дәл осындай білім ордасынан басталады», — деді Наурызбай қажы Тағанұлы. Сондай-ақ орталықтың салынуына демеушілік жасаған



азаматтарға Алғысхат табыстады. Айта кетсек, орталықта дәрісхана, кітапхана, асхана, конференция залы бар. Жалпы аумағы 1000 шаршы метрден асады.

ҚМДБ Төрағасы сондай-ақ Атырау облысына барған сапарында Алмалы ауылында жаңа мешіттің ашылуына қатысты. Жамағатты жаңа мешіттің ашылуымен құттық-

Сонымен қатар жаңа мешітте намаз оқып, жамағатқа уағыз айтты.

Сондай-ақ Наурызбай қажы Тағанұлы қос дін қызметкеріне пәтер кілтін табыстады. Діни басқарма жанындағы «Зекет және қайырымдылық» қорының «Ел үлесі — пәтерге» қайырымдылық жобасы аясында көпбалалы әке, діни салада талай жылдан бері қызмет етіп келе жатқан Атырау қалалық «ар-Рахман» мешітінің наиб имамы Алтынбек Ажолқына 846-баспана, Алмалы ауылдық мешітінің имамы Бекзат Жәнісұлына 847-баспана кілті берілді. «Алла Тағала қуаныштарыңызды еселесін! Қиындықтарыңызды жеңілдетіп, шаңырақтарыңызға күт-береке жаудырысын! Осы сауапты іске үлес қосқан мешіт жамағатына және жанашыр азаматтарға Алла разы болсын!» деді Бас мүфти.

Сонымен қатар ҚМДБ Төрағасы Атырау қаласында салынып жатқан медресе құрылысымен танысты. Бас мүфти құрылыс жұмыстары кезінде қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауға, ғимаратты тиісті ережеге сәйкес салуға назар аударды. Сонымен қатар нысанды жоспарланған мерзімде аяқтау қажеттігін жеткізді. Наурызбай қажы Тағанұлы оқу ордасының тұрғызылуына тікелей демеушілік жасап жатқан азаматтарға айрықша алғысын білдірді.

Айта кетсек, төрт қабаттан тұратын медресенің жалпы аумағы — 2500 шаршы метр.

Сондай-ақ Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы Атырау облысына барған сапарында облыстық орталық «Иманғали» мешітінде өңір имамдарымен кездесті.

Дін қызметкерлеріне насихат айтқан Бас мүфти: «Имам — қоғамды тәрбиелеуші, ағартушы ұстаз. Отаншыл, еңбексүйгіш, аманатқа адал, ата-анасын қадірлейтін иманды ұрпақ тәрбиелеуде иманның атқаратын рөлі ерекше. Аллаға шүкір, халқымыздың рухани дамуына, қоғамда отбасы құндылығының артуына ағартушы ұстаздар мен дін қызметкерлері үлкен үлес қосып келеді. Баршаныңа Алла разы болсын!» — деді. Басқосуда ҚМДБ Төрағасы имамдарға жан-жақты білім алуға, ізденуге кеңес беріп, ізгі ниетін жеткізді. Дін қызметкерлерін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының 35 жылдық мерейтоймен құттықтап, мерекелік медальмен марапаттады. — деді Наурызбай қажы Тағанұлы. Дін қызметкерлері Кәкімжан Мұрасқалиұлы (Атырау облыстық «Иманғали» орталық мешітінің молдасы), Эмнат Сұлтанғалиұлы (Атырау қалалық «Құспан молла» мешітінің бас имамы), Жамбыл Демеуұлы (Жылыой ауданы Шоқпартоғай ауылы «Қапан қажы» мешітінің имамы), Мұрат Алдонғарұлы (Қызылқоға ауданы «Бөйтерек» мешітінің бас имамы), Ералы Жұбанұлы (Индер ауданы «Әйіп қажы» мешітінің бас имамы), Мақсұт Рахметұлы («Мәулімберген» мешітінің имамы), Нариман Мажитұлы («Ықылас» мешітінің наиб имамы), Жайлыбек Өтегенұлы (Махамбет ауданы «Сарайшық» ауылы мешітінің имамы) Бас мүфти қолынан мерекелік марапат алды.

ҚМДБ Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы Атырау облысына барған сапарында өңірдегі мешіт ұстаздарымен тағылымды жүздесу өтті. «Ұстаз — ұлттық құндылықтар насихатшысы» деген тақырыпта өткен жүздесуде Бас мүфти: «Ұстаз — жат идеологияға қарсы тұратын қалқан. Қазіргі таңда жастар арасында жат ағымдардың арбауына түсу, ұлттық бағыттан алыстау секілді келенсіз көріністер жиі кездесіп отыр. Бұған қарсы тұрудың ең тиімді жолы — тәрбие мен білімді ұштастыра отырып, дін және ұлттық дүниетанымыды дұрыс бағытта насихаттау. Міне, осы тұста ұстаздың рөлі ерекше. Дін мамандары өскелең ұрпаққа салықалы діни білім мен ұлттық сана бере алса, ел ертені жарқын болмақ», — деді. Бас мүфти басқосу барысында ұстаздармен еркін әңгімелесіп, сұрақтарына жауап берді. Сонымен қатар Атырау облысындағы діни ақуалды ұлайы тұрақты ету бағытында тиісті нұсқамалар берді.

(Басы 1-бетте)

Бөлім меңгерушісінің айтуынша, шәкірттердің алған білімін тексеру, арнайы пәндерге қызығушылығы мен ынталарын арттыру мақсатында жыл сайын медресе шәкірттері арасында республикалық медресеаралық олимпиада ұйымдастырылып тұрады. Сондай-ақ Қазақстан мен Мысыр арасында калыптасқан достық қарым-қатынас аясында 2014 жылы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен әл-Азхар университеті діни қызметтерді дамыту бағытында ортақ келісім құжатна қол қойды. Осы келісім негізінде ҚМДБ-ға қарасты оқу орындарында Мысыр елінен келген 8 араб ұстаз қызмет атқаруда.

#### «САРЯҒАШ» МЕДРЕСЕ-КОЛЛЕДЖІ

Түркістан облысы Сарыағаш ауданында орналасқан «Сарыағаш» медресесі 2011 жылғы мамырда білім беру қызметін жүргізу құқығын беретін мемлекеттік лицензия алды. Осы жылғы қыркүйек айынан бастап 11-сыныпты бітірген талапкерлерді 2 жыл 10 ай оқытып, диплом беру жүйесі енгізілді. 2013 жылғы қантарда ҚМДБ-ға қарасты оқу орны ретінде қайта тіркеуден өтті. Осы жылы медресе жанынан қыздар бөлімі ашылды. 2016-2017 оқу жылының басында «Сарыағаш» медресе-колледж статусын алды. Ендігі кезекте 11-сыныпты бітірген талапкерлерді ғана емес, 9-сыныпты бітірген ұл-қыздарды қабылдай бастады.

«Сарыағаш» медресе-колледжі мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарына сәйкес орта буын мамандарын дайындайды. Оқу орнында 72 оқытушы сабақ береді. Оның ішінде 5 доктрант, 14 магистр, 5 магистрант бар. Сонымен қатар Мысырдан келген 1 араб ұстаз бар. Арнайы пән оқытушыларының саны — 49, жалпы пән оқытушылары — 23. Ер ұстаздар саны — 41, әйел ұстаздар — 31. Ұстаздар жыл сайын біліктілікті арттыру курстарынан өтеді. Сонымен қатар тәжірибе алмасу мақсатында аймақтық және республикалық семинарларға қатысады. Қазіргі таңда «Сарыағаш» медресе-колледжінде 953 студент тәлім алууда. Оның 530-ы — ұл, 423-і — қыз. 1-курста — 309, 2-курста — 272, 3-курста — 239, 4-курста — 133 студент білім алып жатыр. Колледж студенттері жоспарлы түрдегі теориялық және факультативтік сабақтардан бөлек, колледж ішілік қосымша сабақтарға да қатысады.

Медресе-колледждің 3 оқу корпусы бар. Бірінші оқу корпусының жалпы алаңы — 3704,2 шаршы метр. 5 қабаттан тұрады, 400 орынға арналған. Екінші оқу корпусының жалпы алаңы — 2494,4 шаршы метр. 4 қабаттан тұрады, 600 орынға арналған. Үшінші оқу корпусының жалпы алаңы — 3041,8 шаршы метр. Бір қабатты, 525 орынға арналған. «Сарыағаш» медресе-колледжінде 2 ұлдар, 1 қыздар жатақханасы бар. Ұлдар жатақханасының екеуі де екі қабаттан тұрады. Бірі 491 орынға, екіншісі 170 орынға арналған. Қыздар жатақханасы үш қабаттан тұрады, 302 орынға арналған. Сонымен қатар «Жамал апа» атындағы 284 орынға арналған 3 қабатты қыздар жатақханасы жұмыс істейді.

#### «ӘБУ ХАНИФА» МЕДРЕСЕ-КОЛЛЕДЖІ

Алматы қаласындағы «Әбу Ханифа» медресесі 2009 жылы мемлекеттік тіркеуден өтіп, медресе ретінде құрылды. 2011 жылғы мамыр айында Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан мемлекеттік лицензия берілді. 2015 жылдың қараша айында оқу орны «Әбу Ханифа» медресе-колледжі болып қайта тір-

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 9 МЕДРЕСЕ-КОЛЛЕДЖ

кеуден өтті. 2015 жылы кәсіптік орта білім беру саласында білім беру қызметін жүргізетін құқығы көрсетілген мемлекеттік лицензия берілді.

2022 жылы «Әбу Ханифа» медресе-колледжі берілетін білім беру қызметтері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес аттестатталды. 2020 жылы медресе-колледж «ARQA» халықаралық аккредиттеу және білім беру сапасын сараптау бойынша тәуелсіз агенттігінің институционалдык және мамандандырылған аккредиттеуінен өтті.

«Әбу Ханифа» медресе-колледжін бітірген түлектерге мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі. Медресе-колледж шәкірттері «Исламтану» мамандығы бойына білім алады. Оқу орнында білім беру бағдарламасы бойынша Ислам мәдениеті мен өркениеті тарихын талдау, араб тілін менгеру, рухани ұлттық құндылықтарды насихаттау, Құран ілімін менгеру, Ислам құқықтары мен дәстүрлерін менгеру, сенім мәселелері мен Қазақстандағы конфессияларды талдау, хадис ілімі мен мәтіндерін пайдалану сабақтары өтеді.

«Әбу Ханифа» медресе-колледжін 2009-2025 жылдар аралығында 384 түлек бітірді.

#### «АСТАНА» МЕДРЕСЕ-КОЛЛЕДЖІ

«Астана медресесі» жеке мекемесі — елордадағы отандық діни мамандарды әзірлейтін білім ордасы. 2007 жылғы шілде айында ашылған медресе бүгінгі күнге дейін 300-ден астам дін маманын түлетті. Оқу орны мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде «Исламтану» және «Теология» мамандарын дайындауды жүзеге асырып келеді. Сонымен қатар білім ордасы Алаш қайраткерлері медресе қабырғасында оқыған мәдени білімді



және ұлттың рухани құндылықтарын жаңғыртуды көздейді.

Медресе-колледжде 19 білікті маман дәріс береді. Атап айтар болсақ, 1 доктрант, 5 магистр, 7 магистрант және дінтану, исламтану бағытында отандық және шетелдік үздік оқу орындарын тәмамдаған 7 ұстаз бар. Оқу ордасының шәкірттері ҚМДБ ұйымдастыруымен жыл сайын өтетін республикалық олимпиадалар мен медресеаралық жарыстарда топ жарып алдыңғы қатарда келеді.

#### «ҮШҚОҢЫР» МЕДРЕСЕ-КОЛЛЕДЖІ

Оқу орны 2008 жылғы тамыз айында «Шамалған» медресесі болып ашылды. 2012 жылғы желтоқсанда «Үшқоңыр» медресесі болып қайта ашылды. Ал 2015 жылғы желтоқсанда медресе-колледж лицензиясын иеленді.



Колледжде 51 адам қызмет етеді. Оқу орнының оқытушылары ақид, фикх, Құран ілімі т.б. арнайы пәндер бойынша сабақ береді. 2015-2025 жылдары оқуға 1139 студент қабылданды. Оның 670-і — ер, 469-ы — қыз бала. 2023 жылдан бастап 150 шәкірт мемлекеттік грант арқылы оқиды. Медресе-колледжі бітірген түлектер аудандық, ауылдық мешіттерге имам, наиб имам және ұстаз болып жұмысқа жіберіледі. 2016-2025 оқу жылдары аралығында «Исламтану» мамандығы бойынша 686 түлек бітірсе, «имам-хатиб» (ұлдар) біліктілігін — 399 түлек, «Ислам негізінің мұғалімі», «ұстаз» біліктілігін 287 түлек алды.

#### «АҚТӨБЕ» МЕДРЕСЕ-КОЛЛЕДЖІ

Бұл оқу орны алғашқы кезде ҚМДБ бастамасымен еліміздің батыс өңіріне қарасты мешіттерге діни мамандар даяр-



лау, сондай-ақ дінге қызығушылық танытқан жастарды дәстүрлі діннен сауаттандыру арқылы аймақтағы діни тұрақтылықты қалыптастыру мақсатында 2008 жылы Ақтөбе облыстық «Нұр Ғасыр» мешітінен 30 орындық діни бірлестік болып ашылды. 2016 жылы медресе-колледж мәртебесіне ие болды. Алға ауданының Бестамақ ауылында орналасқан оқу орны түлектерінің 70 пайызы Ақтөбе қаласы мен облысқа қарасты мешіттер мен мекемелерде қызмет етуде. 2021-2022 оқу жылы қарсаңында колледждің көлемін кеңейтетін 9-сыныптан кейінгі талапкерлерді оқуға қабылдау туралы лицензия беріліп, тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында сыйымдылығы 60 адамға арналған қыздар бөлімі ашылды. Қазіргі таңда қыздар бөлімі сыйымдылығы 100 шәкірт болатын ғимаратқа көшіріліп және оқуға 11-сынып түлектерін қабылдайды.

Жалпы саны 19 оқытушы қызмет істейді. Колледж 9 және 11-сынып бітірген түлектерге «Исламтану» мамандығы, «имам-хатиб», «ұстаз» біліктіліктері бойынша шәкірттерді оқытып келеді. 2025-2026 жана оқу жылынан бастап «Исламтанушы» біліктілігі бойынша талапкерлерді қабылдауды бастамақ.

#### «ӘБУ БӘКІР СЫДЫҚ» МЕДРЕСЕ-КОЛЛЕДЖІ

Павлодар қаласында орналасқан «Әбу Бәкір Сыдық» медресе-колледжі 2008 жылы құрылып, мемлекеттік лицензия алды. Оқу орны Ислам діні, тарихы, құқығы және мәдениеті туралы білімдерді және олардың қазіргі әлеуметтік, мәдени, ғылыми үрдістермен өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету арқылы діни ахуалдың тұрақты дамуына ықпал ететін мамандар даярлау мақсатында ашылды. Медресе-колледж ғимаратының жалпы алаңы — 507,4 шаршы метрді құрайды. Ғимарат екі қабаттан тұрады, 100 орынға арналған. Жертөлде 40 орындық асхана, дәретхана және душ, қойма, гардероб, бірінші қабатта сыныптар, медкабинет, қабылдау бөлмесі, екінші қабатта жатақхана, сыныптар, тәрбиеші бөлмесі орналасқан. Білім алушылар жайлы жатақхана, үш мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. «Әбу Бәкір Сыдық» медресе-колледжінде «Исламтану» мамандығы бойынша діни кадрлар дайындалады. Оқу мерзімі — 3 жыл, 10 ай. Медресе-колледжде 6 магистр, 11 бакалавр дәрежесіндегі оқытушылар сабақ береді. Оқу орнының түлектері ҚМДБ құрылымдарында, ғылыми-зерттеу мекемелері мен мемлекеттік ұйымдарда қызмет атқарады.

#### «ОРАЛ» МЕДРЕСЕ-КОЛЛЕДЖІ

Орал қаласындағы «Орал» медресесі 2008 жылғы қыркүйек айында ашылды. Осы жылдың тамыз-қыркүйек айларында медресе алғашқы 24 шәкірт қабылданды. 2009 жылы наурызда колледж тіркеуден өтті. 2011 жылы медресені алғашқы түлектері оқу бітірді. Қазіргі уақытта «Орал» медресесін бітірген еліміздегі мешіттерде бас имам, наиб имам қызмет атқарып келеді.

2013 жылғы наурызда колледж Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан мемлекеттік лицензия алды.

Осы уақытқа дейін «Орал» медресе-колледжін 200-ге жуық шәкірт бітіріп, еліміздің әр аймағындағы мешіт-медреселерде имамдық, ұстаздық қызмет атқаруда. Қазіргі уақытта медреседе 50-ге жуық шәкірт оқып жатыр. Оларға отандық және шетелдік жоғарғы оқу орындарын тәмамдаған 7 ұстаз және шет елдерден келген 4 ұстаз сабақ береді.

Медреседе тарихи және спорттық іс-шаралар өтеді. Облыстық, республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі орын алып жүрген студенттер бар. Шәкірттерге жатақхана және үш мезгіл тегін ыстық тамақ беріледі. Оқу бітірген жас мамандар жұмыспен қамтамасыз етіледі.

#### «ҒИБАТУЛЛА ТАРАЗИ» МЕДРЕСЕ-КОЛЛЕДЖІ

Тараз қаласында орналасқан «Ғибадулла Тарази» медресе-колледжі 2012 жылы ашылды. 2013 жылы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан мемлекеттік лицензия алды. Оқу орнының мақсаты — қоғамның діни-рухани әлеуетін көтеріп, ұлттық руханият пен жалпы адамзаттық құндылықтарды ұстанатын, бәсекеге қабылетті, білікті орта буынды исламтану мамандарын даярлау.

Медресе-колледжіне қарасты барлық ұй-жайлардың жалпы алаңы — 12 298 шаршы метр. Барлық ғимараттардың жұмыс алаңы — 2277,40 шаршы метр. Мекеменің сыйымдылығы — 100 орындық, 4 оқу кабинеті бар. Оқытылу түрі — күндізгі бөлім және дуалды оқыту. Оқу корпусының бірінші қабатында есепші кабинеті, Дін мен дәстүр орталығы, студия, медпункт т.б. кабинеттер бар. Екінші қабатында ұстаздар және директор кабинеті, оқу компьютер сыныптары, акт залы және кітапхана орналасқан.

Медресе-колледжде қазіргі таңда 81 студент білім алууда. Барлық қызметкерлер саны — 26, оның ішінде педагог қызметкерлер саны — 18.

«Ғибадулла Тарази» медресе-колледжі 2015 жылы өзінің алғашқы түлектерін ұшыра бастады. Бүгінгі таңға дейін 130 түлек бітіріп шықты. Медресе-колледж түлектері республиканың үлкенді-кішілі мешіттерінде қызмет атқарады.

#### «ШЫМКЕНТ» МЕДРЕСЕ-КОЛЛЕДЖІ

«Шымкент» медресе-колледжі 2016 жылғы тамыз айында ашылды. ҚМДБ-ның басқаруымен Қазақстанның исламдық білім беру саласын дамыту мақсатында құрылды. Колледж діни білім беру мен мұсылман қоғамына қажетті мамандар даярлауды мақсат етеді. 2022 жылы қайта тіркеуден өтті. Қазіргі таңда колледж қабырғасында 52 оқытушы 633 студентке дәріс береді.

Медресе-колледж еліміздегі діни білім беру саласының дамуына үлес қосып келеді. Колледж діни және әлемдік ғылымдарды ұштастырып, студенттеріне кең ауқымды білім беру арқылы оларды қоғамда жауапкершілігі жоғары, білімді және рухани ұстамды болып қалыптастыра түрбиелейді. Медресе-колледжі осы уақытқа дейін 1104 түлек бітіріп шықты. Олар әртүрлі салаларда қызмет етіп, Ислам дінін насихаттап, белсенді жұмыс істеп келеді. Соның ішінде еліміздегі мешіттер мен оқу орындарында 450-ге жуық түлек қызмет етеді.

2023-2024 оқу жылында колледж республикалық деңгейдегі «Үздік 100 колледж» құрамына енді. «Шымкент» медресе-колледжі көптеген манызды іс-шаралар мен жобаларды жүзеге асырды. Олардың ішінде діни конференциялар, семинарлар мен ғылыми-теориялық зерттеулер бар.

Дайындаған  
Ермұрат НАЗАРҰЛЫ

## АНА СҮТІ ТУРАЛЫ ХИКАЯ

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРІНДЕ АНА МЕН БАЛАНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ ТАЗАЛЫҚ ПЕН АДАЛДЫҚ ЕРЕКШЕ МАҢЫЗДАҒА ИЕ. БҮЛ ҰҒЫМ ӘСІРЕСЭ СӘБИ КҮТІМІНДЕ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЕМІЗУ КЕЗІНДЕ АЙҚЫН КӨРІНІС ТАБАДЫ. ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНШАМА ҰЛЫ ТҮЛҒАЛАРЫН ТӘРБИЕЛЕГЕН АНАЛАР БАЛАСЫНЫҢ ДЕНІ САУ, ИМАНДЫ, АДАЛ, АРЛЫ АЗАМАТ БОЛУҒЫН ТИЛЕП, ӨЗДЕРІН БАРЫНША РУХАНИ ЖӘНЕ ТӘНДІК ТАЗАЛЫҚТА ҰСТАУҒА ТЫРЫСҚАН. СОЛ СЕБЕПТІ КЕЙБІР ДЕРЕКТЕР МЕН АҢЫЗДАРҒА СҮЙЕНСЕК, ОЛАР СӘБИІН ДӘРЕТСІЗ ЕМІЗБЕГЕН. ЯҒНИ ҚҰНАНБЫ ТӘРІЗДІ КІСІЛЕРДІҢ ШЕШЕЛЕРІ АНА СҮТІН ТЕК БИОЛОГИЯЛЫҚ АЗЫҚ ЕМЕС, РУХАНИ ТӘРБИЕ БАСТАУЫ РЕТІНДЕ ДЕ ҚАРАСТЫРҒАН. АНАСЫНЫҢ СҮТІМЕН БІРГЕ БАЛАҒА МІНЕЗ, ТЕКТИЛІК, ИМАНДЫЛЫҚ ТА ДАРИДЫ ДЕП СЕНГЕН.

Баяғыда Отырардың көне шаһарында тақуалығы жұртқа мәлім болған бір асыл ана өмір сүріпті. Бұл ана діннің шын мәні бойына сіңірген, әрбір амалы мен әрекетінде тазалық пен тектілікті ұстанған кісі екен. Оның өмірлік ұстанымы бала жүрегіне тек мейір мен адалдық, сүт арқылы тек саға мен саликалық сіңіру еді.

Оның Алла берген тамаша қос ұлы бар екен. Екеуі де жақ кезінен-ақ Құран жаттап, намаз оқуға машықтанып, жүрегі иманмен нұрланған жандар болып өсіпті. Анасы оларды кішкене күнінен дәретсіз емізбеген, жылдаса да, шырылдаса да, алдымен дәрет алып, сосын ғана аналық мейірін төгіп, ақ сүтін беріп отырған екен.

Күндердің күнінде екі ұл жасы толысып, жігіттікке жетіп, өз бетімен құлшы-

лық ететін, дербес рухани ізденетін шағына жетіпті. Бір күні екеуі қатарласып, түнгі намазға тұрып, бар ықылас-ниетімен сөзге бас қойған сәтте олар періштелердің нұрын көріпті. Үлкен ұлы періште нұрын жанамалап, бұлдырап көреді де, ал кенже ұлы тап-таза, ап-анық күйде көреді. Тіпті періштенің өзі оған күлімсіреп, мейіріммен қарағандай болады.

Намаздан соң, үлкен ұл ішінен мазасызданып, анасының алдына келіп, кейінде күпті боп тұрған сауалды қойыпты: — Анашым, інім періште нұрын ап-айқын көріпті, ал мен болсам тек көмескі жарық қана байқадым. Неге бұлай болды екен?

Сонда анасы үнсіз отырып, терең дем алып, бір сәтте өткенді есіне алғандай ойланып кәлтпе де, мейір мен мұңға толы көзқараспен оған қарап былай депті:

— Балам, бұл бекер нәрсе емес. Сендердің періште нұрын көрулеріңнің себебі менің амалдарыммен тікелей байланысты. Мен сендерді сәби күндерінде ешқашан дәретсіз емізбеген едім. Ана сүтінің өзі — адалдықтың алғашқы тамшысы, жүрекке алғаш тамған иман. Бірақ...

— Бірақ не, анашым? — деп ұлы тағатсыздана сұрапты.

Сонда анасы:

— Сенің сәби кезінде түнгі намазға тұрған едім. Сол сәтте сен шырылдап жыйлай бастадың. Мен Аллаға бет бұрып тұрған соң, намазымды үзбей жалғастырдым. Сол кезде көрші үйден бір әйел келіп, жылаған дауысына шыдай алмай, сені қолына алып, әзімізге бастапты. Намазымды тәмамдаған соң, дереу жүгіріп келіп әлгі әйелге: «Сіз дәретпен бе едіңіз?» — деп сұрадым. Ол еш қысылмай: «Жоқ, мен дәретсіз едім», — деді. Сол сәтте жүрегім тітіркеніп, жаным дір ете қалды. Сен сол әйелден бірер тамшы сүт едің. Сол бір тамшы сенің рухани әлеміңе кішкентай да болса кінәрат салған екен. Сол себепті, балам, сен періште нұрын көмескі көрдің. Бұл — ана сүтінің, ниет пен амалдың, тазалықтың салмағын ұғын деген ишара, — деп пұшайман болыпты.

Анасының сөзі жас жігіттің жүрегіне найзадай қадалып, ойдың тереңіне жетелейді. Сол күннен бастап ол жігіт өзінің әр амалына, әр сөзіне, тіпті әр тынысына мұқият қарап, ішкі тазалыққа бұрынғыдан бетер бет бұрыпты деседі.



Бұл хикая ел арасында ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа тарайды. Отырарлықтар оны «Ана аманаты» деп атады. Себебі бұл әңгіме тек сүттің, тазалықтың, иманның ғана емес, ана жүрегінің тылсым тереңдігін, тәрбиенің көркемдігін ұғындыратын қасиетті бір сабақ еді.

Қазақ халқы бұл секілді аңыздарды қасиетті деп біліп, оны жалаң оқиға емес, өмірлік өсиет ретінде қабылдаған. Өйткені хикметті хикаялардағы ең бастысы — дерек емес, дүниетаным мен рухани мағына.

Әлбетте бұл аңыз — бір тамшы сүттің де, бір сәттің амалдың да мәңгілік әсері болатынын ескерткен. Бұл дәстүр бүгінге дейін аз да болса кейбір ауылдарда сақталған. Сәбиін емізетін ана дәрет алып, «Бісімлла» деп емізуді әдетке айналдырған. Бұл — жай ғана санитарлық тазалық емес, рухани тәрбие мен ниеттің де тазалығы.

Қалай дегенде де, қазақ халқының ілкі де тұмса қалыбын бұзбаған тәрбиелік мұрасы — терең мағыналы, дін мен дәстүрге негізделген рухани жүйе. Сол жүйенің өзегі — ана мен бала арасындағы тылсым да нәзік байланысқа құралған десек, артық емес. Ырым-тұйымдар да осы қағидатты барынша сақтаған.

Дәретсіз емізбеу дәстүрі ананың өз баласына алғашқы рухани «имунитетті» беруімен тең. Бұл — баланың бойына енетін алғашқы «тәрбие дәні». Ана қандай көңіл-күйде, қандай жағдайда емізсе, баланың болмысына сол әсер етпей қоймайды. Асылында, ол жай ғана діни жоралғы емес, терең психологиялық әрі тәрбиелік маңызы бар амал. «Ана сүтімен кірген мінез, сүйекпен кетеді» деген халық макалы да осыны меңзейді емес пе?

Рас, осы күнде бұл дәстүр көбіне ұмытылып бара жатыр. Бірақ баланы саналы, иманды етіп тәрбиелеуді мақсат еткен ата-аналар үшін бұл ұстаным әлі де құнды. Заманауи ғылым да ананың рухани-эмоциялық күйінің бала психологиясына әсер ететінін растайды. Демек қазақы дәстүр мен қазіргі ғылым өзара үйлесім тапқан деуге толық негіз бар.

Абылайхан ҚАЛНАЗАРОВ

# ӘЛ-ЛАТИФ ЕСІМІНІҢ ИЕСІ

(Басы 1-бетте)

Алайда шын мәнінде бұл – Ұлы Жомарт Иенің таза сыйы мен мейірімінің көрінісі. Алланың лұтфы (жасырын мейірімі) адам ақылы жете бермейтін, шектен тыс ғажайып тағдырларды жүзеге асырады. Сені қиял жетпейтін армандарға жеткізеді. Сол тағдырлардың әр жібi Алланың нәзік мейірімімен ұсталып тұрған керемет тоқымадай. Сен оларды байқамауың мүмкін... Кейде күтпеген жерден ғажайып құбылыстың өміріннің төрін орын алғанын көресің! Оның қалай жүзеге асқанын өзiң де білмейсің. Сен тіпті өз күшінің мұндай нәрсеге жетпейтінін мойындаған хәлде көке қарап: «Алла – құлдарына ерекше Латиф (аса жұмсақ, аса мейірімді) дерсін...»

Әл-Латиф (тым жұмсақ, аса мейірімді) сені жетістікке жеткізуді қаласа, әдетте себеп болып саналмайтын нәрсені ең үлкен себепке айналдырады. Егер әл-Латиф сені құрметке бөлегісі келсе, сенен еш сый күтпеген адамды саған ең үлкен сыйлықтың себепкері етеді. Ал әл-Латиф сені қамандықтан сақтағысы келсе, оны мүлде көзіне көрсетпей-ақ сені айналып өтетін етеді. Немесе жамандық екеуің кездесесіңдер де, ешбір зиян тиместен екі жаққа кетесіңдер. Егер әл-Латиф сені күнәдан сақтағысы келсе, ол күнәні саған жиіркенішті етеді. Ол күнә саған қолжетпес қиындыққа айналады да одан көңілің суиды. Не оған ұмтыла бергенде Алла саған тосқауыл боп бір жағдайды себеп етіп, сені сол күнәдан қайтарды.

Алланың шынайы құлдары әл-Латифтен келетін жасырын мейірімді үнемі жүрегімен сезініп, әрбір тағдырда, әрбір оқиғада өздері аңғара алатын ерекше бір лұтфтың ізі барын байқайды. Мысалы, әл-Латиф Жүсіп (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбарды зынданнан шығарғысы келгенде зынданның қабырғаларын қиратып тастаған жоқ. Залымдардың жанын алып кету үшін періште жібермеді. Көктем жай түсіріп темір құлыптарды паршалап тастамады. Ол (Әл-Латиф) Жүсіпті зынданнан құтқару үшін тек патшаның түсінде бір көрініс көруін жеткілікті етті. Сол нәзік, көрінбейтін себеп арқылы Жүсіп пайғамбар әділетсіздік құрсауынан құтқарылды.

Ал әл-Латиф Мұсаны (оған Алланың сәлемі болсын) анасымен қайта қауыштырғысы келгенде, перғауынға қарсы көтеріліс ұйымдастырып, Бәни Исраил қауымының зұлымдыққа қарсы соғысын бастатқан жоқ. Ол жай ғана Мұсаның бөтен әйелдің омырауын ембеуін себеп етті де, осы жасырын жайт арқылы Мұса анасының құшағына қайта оралды. Жүрегі босап, үміті үзілген ананың жанын әл-Латиф осылайша жұбатқан-ды. Сол сияқты Пайғамбарымызды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) және оның жанындағы мұсылмандарды Бәни Хашимнің бойкот азабынан құтқармақ болғанда, әл-Латиф иесі Алла Тағала Құрайыштың зұлымдығын шайқалтатын бір апатпен жермен-жексен етпеді. Тек кішкентай ғана кеміргіш жәндікті жіберді. Ол кеміргіш жәндік Құрайыштың зұлым шарттары жазылған құжаттың шетін кеміріп, әділетсіз одақтың әріптерін жеді. Таң атысымен адамдар бұл оқиғаны көріп, зұлым келісімінің іргесі сөгілді. Осылайша көзге көрінбейтін титтей жәндік арқылы қаншама пендесін зұлымдықтан аман сақтады. Шындағында, ол – әл-Латиф. Ол ең жеңіл себептермен ең ұлы тағдырларды жүзеге асырады. Ол қалаған нәрсе сөзсіз орындалады. Ал пендесі өміріндегі оқиғалардың Оның қалауымен ғана орын алып жатқанын аңғара бермейді.

Түнде ұйықтап жатасын... Раббың сені Өзінің алдына құлшылыққа тұрғызуды қалайды. Сол үшін жеңіл самал жіберіп терезенді қозғалтқызады. Немесе отбасыңнан біреу қасыңнан өтіп, аздап аяқ дөбысын шығарды. Немесе кенеттен шөл қысып, су ішкін келеді. Осылай оянып, сағатқа көзін түседі. Біраздан соң жайнамазда тұрып, Оған мұң шағып жатқан боласын... Алайда өзінді кім оятқанын білмейсің... Бұл сені оятқан Раббың еді! Таулы жолмен көлік жүргізіп келесің. Кенет көліңді тоқтатып, ішіндегі құжа-

тынды немесе әмияныңды тексергің келіп, көлікті жол жиегіне қойып, іздей бастағанда, алдына жоғарыдан алып жартақ құлап түседі. Егер тоқтамағанда сол жартақ сені де, көліңді де жаншып тастар еді. Сен аман-есен жолыңды жалғастырасың. Бірақ кімнің сені құтқарғанын білмейсің... Бұл сені сақтап қалған Раббың еді!

Бір күнә жасағың келіп, түнде сыртқа шығасың. Жоспарың дайын, бәрін нақтыладың. Кенеттен алыстан бір көлік өтіп бара жатады. Ішінде «Мені біреу бақылап тұрған жоқ па?» деген күмән жүрегіңдегі күнә құмарлығың суытады. Қалтыраған ерік-жігерің сені үйге қайтарып жібереді де сен бұрылып кете барасың... Ал шын мәнінде ол күнәдан сені нәзік мейірімімен қайтарған – Раббың әл-Латиф болатын.

Әл-Латиф есімінің иесі болу үшін Алла шексіз ілімінің иесі болуы міндетті. Өйткені көзге көрінбейтін, жүректен ғана сезілетін нәзік мейірімімен сені ілтипатқа бөлейтін, нығметпен жарылқайтын, тура жолға бағыттайтын Раббың бұл лұтфты қай жерде, қашан және кімге дарыту керектігін білмесе, шынайы Латиф бола ала ма? Сол секілді, Оның Жаратушы болуы да шарт. Кейде Оның шексіз рақымы мен лұтфы жоқты бар етуден, ғайыптан нығмет жарату арқылы ғана жүзеге асады. Құранда былай делінеді: «**Ол жаратқан Жаратушы емес пе? Ендеше, Ол тым Жұмсақ, бәрінен Хабардар!**» («Мүлк» сүресі, 14-аят). Алланың ілімі сондай терең, Оның сыйлықтары жасырын келеді. Ол берген нығмет байқалмайды. Ол түсіріп жарық – тыныш, Ол салған аян – жүректің түкпірінде ғана сезіледі. Міне, сондай Жаратушы сені үнсіз қадірлейді, көрінбейтін жолмен жетелейді, елеусіз түрде қорғайды. Осындай Лұтф иесі қалайша мұның бәрін білмей істейді дей аламыз? Бұл – Жаратқанның көркем, терең әрі жұмбақ мейірімі. Ол – әл-Латиф... жаратылыстың ішкі сырын білуші, жүректенді мұның естуші, пендесіне ең қажет сәтте көмек көрсетуші. Бұған адамзат тарихындағы ең ұлы түстердің бірі Жүсіп (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбардың көрген түсі айғақ бола алады. Ол осы түсті көргенде, жағдайы мен өміріндегі барлық табиғи көрсеткіштер бұл түстің орындалуы мүмкін емес екенін меңзеп тұрған еді. Жүсіп (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбар өз түсін Құранда былай баяндайды: «**Мен он бір жұлдызды, күн мен айды көрдім. Олар маған сәжде жасап тұр екен!**» («Жүсіп» сүресі, 4-аят).

Бұл түстің жорамалы әкесі, шешесі және он бір бауыры оған сәжде жасап, құрмет көрсетеді дегенді білдіреді. Бірақ мына барлық сыртқы белгілер бұл түстің жүзеге асуына өте үлкен тосқауыл болып тұрғандай еді. Әкесі ұлы пайғамбар, жасы келген, қадірлі кісі. Әдетте үлкен кішіні емес, кіші үлкенді құрметтейді. Пайғамбар мен пайғамбар емес адамның, әке мен баланың арасы да сондай. Ал бауырлары ше? Олар оны тым жек көрді. Сол жек көрудің салдарынан олар оны өлтіруді жоспарлап, құдыққа тастап жіберді. Сосын, Жүсіптің тағдыры одан әрі қиындай түсті. Ол жолаушылар себебінен құдықтан шығарылып, базарда тауар секілді сатылды. Содан кейін Мысыр патшасының үйінде құлға айналды. Құлдық жағдайы бұл түстің орындалуы енді мүлде мүмкін емес екенін нықтай түсті. Кейіннен ол сарайдағы қызметшіден зындандағы тұтқын құлға айналды. Яғни ол көрген түстің жүзеге асуы енді тіпті қолжетпес арман болып көрінді... Алайда әл-Латиф Ұлы Алла Тағала тағдырларды белгілейді, оқиғаларды басқарады. Патшаның көрген түсін аянымен оңтайлы жорып бергізген Алла Жүсіпті (оған Алланың сәлемі болсын) зынданнан шығарып, жоғары лауазымға көтереді. Сосын елге құрғақшылық жібереді. Сөйтіп оның бауырлары мұқтаждықпен оған өз аяғымен келеді. Әл-Латифтің жаратқан тағдырлары айналып жүріп, баяғы көрген сол ескі түсті ақыры жүзеге асырады. Жүсіп (оған Алланың сәлемі болсын) әкешесі мен бауырларының оған тағзым етіп, бас игенін көріп, былай дейді: «Әкей! Бұрын бала күнімде көрген түсімнің жоруы, міне осы. Раббым сол түсімді расқа шығарды. Ол расында мені жарылқап, маған үлкен жасылым жасады. Мені тұрмеден шығарды хәм шайтан мені мен

бауырларымның арасын алшақтатып, береке-бірлігімізді бұзған соң, сендерді сахарадан мұнда әкеліп бәрімізді қайта қауыштырды», – деді. Бұл әл-Латифтың бүкіл оқиға бойында көрінбестен жүргізген мейірімінің қысқаша баяны еді. Сөйтіп Жүсіп соңында қорытынды мөрің басқандай етіп: «**Раббым шынында да қалағанын ең жақсы түрде әрі ешкімге сездірместен жүзеге асырушы ерекше Латиф. Ол – Алим** (шексіз ілім иесі), **Хаким** (әр үкімі мен әр ісі көптеген хикметтерге толы асқан даналық иесі)», – дейді («Жүсіп» сүресі, 100-аят). Әл-Латиф бір нәрсенің болуын қаласа, оған апарар жолдарды жұмсақтықпен, толық жасырын түрде дайындайды. Осылайша әдетте іске асуы мүмкін емес нәрсе ойламаған жерден жүзеге асырылады. Өйткені Ол – Алла, әл-Латиф (жасырын мейірім иесі), әл-Хабир (барлығынан Хабардар).

Егер сен сарғайып, қурап қалған жерді көрсен, сосын оның үстіне бұлттар үйіліп, кенеттен күн күркіреп, жаңбыр жауып, Жер тіріліп, жайқалып көгерсе, «бұл – табиғи құбылыс қана» демегің. Токтап, мына аяқты бір сәт ой елегіңнен өткіз: «**Алланың көктем жаңбыр түсіріп, соның арқасында жерді көгергенін көрмейсің бе? Расында, Алла – Латиф** (жасырын мейірім иесі) **әрі Хабир** (барлығынан Хабардар)» («Хаж» сүресі, 63-аят).

Армандарың қаншалықты алыс болса да, арадағы қашықтық пен кедергілер қанша зор болса да әл-Латиф оларды саған онай жеткізе алады. Қарашы! Құранда Лұқман хәкім ұлына: «**Уа, балам! Егер ол (жақсылық не жамандық) тіпті қыша дәннің салмағындай болып, бір жартастың ішінде болсын, немесе көктерде, не жерде болсын, Алла оны әкеліп шығарады. Расында, Алла – Латиф** (жасырын мейірім иесі) **әрі Хабир** (барлығынан Хабардар)» («Лұқман» сүресі, 16-аят). Сондықтан ешқашан үмітінді үзбе. Сенің Раббың қалағанына ерекше жұмсақтықпен жеткізеді. Қыша дәннің елестетіп көрші. Егер оған тікелей үнілмесен, оны көрудің өзі қиын. Оның көлемін алақаныңмен салыстыршы. Сосын бір бөлмемен, бір үймен, бір ауданмен, бір қалаңмен салыстыр. Сосын еліңмен, құрлықпен, жер шарымен, ақырында аспан әлемімен салыстыр. Ал енді, Алла Тағала қалауымен сол титтей дәнді жер әлемнің қай түкпірінде жасырын жатса да алдына әкеліп қоатынына сенімді бол. Расында, Алланың лұтфы (жасырын мейірімі) осындай ұлан-ғайыр әлемнің ішінен бір ғана қыша дәннің тауып әкелуге жететін болса, онда Ол көзге көрінетін әрбір нәрсені саған жеткізуге құдіретті емес пе?! Жөк, ант етейін, Ол толық құдірет иесі!

Өзінің өміріне бір сәт үнілші... Балаң керуейеттен құлайын деп тұрған сәтте сен бөлмеге кіріп келдің... Неліктен дәл сол сәтте кірдің? Тағы бір күні су ішу үшін асуіге кіресің... Кенет тоназытқыштың ток сымынан электр ұшқынын естисің. Өрт енді ғана басталып жатқан еді! Сол сәтте тоқтан ажыратып үлгересің. Сонда өзіңе таңырқай сұрақ қоясың! Неліктен дәл осы мезетте кірдің? Қалайша бірер минутқа да кешікпедім деп... Бұл сен байқамайтын, бірақ әр сәтте төбемде тұрған әл-Латифтің жасырын қорғауы. Дегенмен өмірінде дәл осындай жайттар орын алма да, оларға ұқсас жағдайлардың болғаны сөзсіз. Тек өткеніңе зер салып, ой жүгіртсең, әр сәтте әл-Латифтің мейірімінің көленкесі өміріңді қалай қоршап тұрғанын есіңе түсіресің.

Біз Алланың ұлы есімдерінің бірі әл-Латиф есімімен тыныш әрі терең мағынаға толы сапар жасалдық. Десек те бұл есімінің мағынасының тек бір пайымы ғана айтылды. Ал Оның құпия сырының көбі сенің түсінігіңе, ой жүгіртуіңе және ғалымдардың еңбектеріне қайта үнілуіне қалдырылды. Осы бір рухани саяхаттан кейін әл-Латифты жақсы көруге, Оның тосын сыйларының сырын ұғуға, жүрегіңмен Оны жиі еске алуға, Оған үміт артып әрі Оның ұлы есімдерін кастер тұтуға бел бусаң, ендеше бірнеше күн бойы Алланың осы есімімен өмір сүріп көр. Оның құпия мейірімін байқауға тырысып бақ. Жасырын түрде берген тура жолы мен сыйларын көріп, Оған деген махаббатыңның себебінен көзіңнен жас домаласын... Оған осы есімімен жалбарынып, былай деп дұға ет. «**Уа, жасырын мейірім иесі!** Бізді барлық жамандық атаулыдан сақта! Уа, Алла, уа әл-Латиф! Бізге лұтф ет, бізге сондай мейірімді лұтф жасашы! Ол біздің кірлеген рухымызды тазартшы, аласқан жүрегімізге тура жол көрсетсін, бүлінген өмірімізді көркем етсін!

Нұрболат СЫДЫҚОВ

● ЕЛ ІШІНЕН ЕКІ СҰРАҚ

## МЕТАВЕРС ТЕХНОЛОГИЯСЫ ШАРИФАТҚА ҚАЙШЫ МА?

МЕТА-ӘЛЕМ НЕМЕСЕ МЕТАВЕРС (АФЫЛШ. META – КЕЙІН, АРҚЫЛЫ, СЫРТЫНДА ЖӘНЕ VERSE – ҒАЛАМ) – VR (ВИРТУАЛДЫ ШЫНДЫҚ) ЖӘНЕ AR (ТОЛЫҚТЫРЫЛҒАН ШЫНДЫҚ) ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ҚҰРЫЛҒАН, ПАЙДАЛАНУШЫЛАР ҮШ ӨЛШЕМДІ (3D) АВАТАРЛАР АРҚЫЛЫ БІР-БІРІМЕН ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСЕТІН ВИРТУАЛДЫ ӘЛЕМ.



Қазіргі таңда технология күнделікті өмірдің барлық саласына (байланыс, медицина, білім беру, т.б.) енуде. Ислам шариғаты бұл дамуларды жокқа шығармайды. Керісінше оларды адамзаттың игілігіне, әділеттікке, адамгершілікке және жауапкершілікке негізде отырып қолдануға шақырады.

Метаверс технологиясы әлі даму сатысында. Ол бір құрал тәрізді, оны «Құрал-саймандардың үкімі қолдану мақсатына қарай әрқалай болады» деген қағидаға орай, игі істерге қолдануы оқасы жоқ. Өйткені шариғатта тыйым салынып келмеген әрбір нәрсенің негізі – мұбаха, рұқсат етіледі (Зухайли, «әл-Қауғида әл-фикһияту уә тәтбікәтуһә фи әл-мәзәһиби әл-әрбәға», 1/190.). Алла Тағала Құранда: «**Әрі сендерге Алла көктемдері де, жердегілері де түгелдей бағындырды. Шын мәнінде осыларды ойланатын қауым үшін сөзсіз, белгілер бар**», – деген («Жәсия» сүресі, 13-аят). Алайда метаверс технологиясын қолдану барысында этикалық шекаралардың бұзылмауы, адамның тәні мен психикасына зиян келтірмеуі, тәуелділікке алып бармауы т.б. шариғатта тыйым салынған дүниелер қамтылуы шарт. Сондай-ақ бұл технология арқылы қажылық секілді құлшылықтарды орындауға болмайды.

Мысырдың бұрынғы мүфти доктор Шауки Алламан жасанды интелектің кейбір технологияларын,

мысалы, метаверс сияқты құралдарды пайдаланып, Меккедегі қасиетті жерлерге бармай-ақ, қажылық немесе ұмраны виртуалды түрде орындау үкімін сұрағанда ол: «Қажылық пен ұмра – денемен атқарылатын ғибадат. Бұл құлшылықтарды метаверс арқылы виртуалды орындауға болмайды. Өйткені шариғат бойынша мұндай құлшылықтарды қасиетті мекенге барып, өз денесімен орындау тиіс. Дегенмен бұл технологияларды қасиетті орындарды көру мақсатында, мысалы, пайғамбар өмірбаянына арналған мұражайлар мен көрмелерінде пайдалану – шариғат тұрғысынан рұқсат етілген әрі құлшылық іс», – деп жауап берген (Шауки Ибраһим Аллама, «ЖИ құралдарын пайдаланып қажылық пен ұмраны виртуалды орындау үкімі», Мысыр пәтуа комитетінің ресми сайты, 2024 жыл).

Қорыта айтқанда, метаверс технологиясы – қазіргі заманның озық жетістіктерінің бірі. Ислам оны түбегейлі жокқа шығармайды, қайта шариғаттың шеңберінде қолдануға рұқсат береді. Өйткені ол – құрал. Сондықтан метаверсті білім беру, мәдениет, медицина және басқа да салаларда пайдалану – құлшылық іс. Алайда қажылық пен ұмра секілді денемен орындалатын құлшылықтарды метаверс арқылы орындауға болмайды. Себебі бұл ғибадаттар шынайы мекен мен нақты дене қатысуын талап етеді.

## НЛО ЖАЙЛЫ ИСЛАМНЫҢ КӨЗҚАРАСЫ ҚАНДАЙ?

НЛО НЕМЕСЕ БЕЙМӘЛІМ ҮШҚЫШ НЫСАН (АФЫЛШ. UNIDENTIFIED FLYING OBJECT, OR UFO) – БЕЛГІЛІ НЫСАН НЕМЕСЕ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ АНЫҚТАЛМАҒАН, АСПАННЫҢ КЕЗ КЕЛГЕН АЙҚЫН АНОМАЛИЯСЫ.



Әдетте беймәлім үшқыш нысанға (БҰН) байланысты өзге ғаламшарлардың тұрғындары немесе жатпланеталықтар деген ұғым тұспалданады. Бірақ көбіне дәлелдемелерінің төмен сапасына орай (бейресми дәлелдер және куәгер сөздері) бұл пайымдаулар мүмкін емес деп саналады. Құран мен сүннетте өзге ғаламшарлықтар туралы нақты әрі ашық мәлімет келтірілмеген. Дегенмен Құранның кейбір аяттарында Алла Тағаланың жер мен көкте әртүрлі жаратылыстарды жаратқаны баяндалған. Құранда: «**Бүкіл мадақ әлемдердің** (жаратылыстардың) **Раббысы Аллаға тән**», – делінген. («Фатиха» сүресі, 2-аят). Мұндағы «әлемдер» сөзі – адамдарды, жандарды, періштелерді, соньмен қатар Жаратушыны танытатын барлық жаратылысты мензейді (Бәйирти, «Шәрху әл-ақидәти өт-Тәухуния», 20). Тәпсір ғалымдарының пікірінше, әлемдердің саны он сегіз мың, кейбір риуаяттарда он сеген мың немесе қырық мың деп те айтылған (Құртуби, «Әл-Жәмиғу ли әхкәми әл-Қуран», 1/214.). Тағы бір аятта Алла Тағала былай дейді: «(Алланың) белгілерінің бірі – **көктер мен жердің жаратылысы және оларда таратқан жап-жаңуары.**

Әрі Ол (Алла) қаласа, оларды жинауға Құдіретгі» («Шура» сүресі, 29-аят). Бұл аят – Алла Тағаланың аспан мен жерге орналастырған сан алуан тіршілік иелерін, соның ішінде періштелерді, жандарды, адамдарды, сондай-ақ әртүрлі бейне, түс, тіл, мінез, жыныс пен түрге жататын барлық тіршілік иелерін қамтиды (Ахмад Шәкір, «Умдәту өт-тәфсир ән әл-Хәфиз ибн Кәсир», 3/257).

Осы ретте Ислам ғалымдары арасында бұл мәселе жөнінде екі түрлі көзқарас бар. Біріншісі, өзге ғаламшарлықтар жоқ. Яғни беймәлім үшқыш нысандар жандардың кейбір ерекшеліктерімен байланысты болуы мүмкін. Себебі жандардың арасында ауада еркін қозғала алатындары да бар дейді.

Екіншісі, бізге белгілі әлемдерден бөлек, басқа да ғаламдардың, жерден тыс тіршіліктің болуы мүмкін. Бұл көзқарасты ұстанушылар «Шура» сүресінің 29-аятын дәлел ретінде алға тартады. Бірақ аяттағы тіршілік иелері нақты НЛО немесе жатпланеталықтар деп түсіндіруге болмайды («Фәтуа әш-шәбәкәти әл-исламия», 1/729).

Қорыта айтқанда, жоғарыдағы аяттарға орай жерден тыс өзге тіршілік иелерінің бар болуы мүмкін. Оған Алланың құдіреті жеткілікті. Алайда НЛО құбыластарын дәл сол тіршілік иелеріне жатқызуға нақты діни де, ғылыми да дәлел жоқ. Өйткені Құран мен сүннетте бұл жайында ашық дәлел келтірілмеген. Сондықтан бұл тақырыпқа шектен тыс қызығушылық танытудың қажеті жоқ. Оның үстіне, НЛО-ның бар-жоғы Ислам сенімінің негізгі мәселелерінің қатарына кірмейді.

Дайындаған  
Бауыржан ӘБДУӘЛІ

# Қадағалау

**БАЛА КЕЗДЕ МАҚТА СУАРДЫҚ, ҮЛКЕН КАНАЛДАН ҚАТТЫ ҚЫСЫММЕН КЕЛЕТІН СУДЫҢ АЛДЫН БӨГЕУ НЕМЕСЕ ҚЫСЫМДЫ АЗАЙТУ ҮШІН ТҮРЛІ ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНАСЫҢ. АЛ МАҚТА ЖҮЙЕКТЕРІНЕ СУДЫ МӨЛШЕРМЕН ҚАДАҒАЛАП ЖІБЕРМЕСЕ АҚ АЛТЫНДЫ ШАЙЫП КЕТЕДІ. ОЛ ҮШІН СУ ӨТКІЗБЕЙТІН МАТАНЫ (КЛЕЕНКА) ПАЙДАЛАНАМЫЗ. ЖҮЙЕКТІҢ БАСЫНА, ЖЕРГЕ МЫҚТАП БЕКІТІП, ҚАЖЕТ МӨЛШЕРДЕГІ СУДЫ ЖІБЕРЕМІЗ...**

Сезім де солай. Көбіне қысыммен келеді. Себеп – сыртқы күш, айналадағы адамдардың жағымсыз энергиялары. Алдын бөгеу, қысымды азайту қажет-ақ. Тасқын су мақтаны шайып кететіні секілді төтеннен келген эмоциялар бауырмалдық берік байланысты, адамгершілік құндылықтарды бұзып өте шығады. Оны қалпына келтіру қиын, бәлкім мүмкін емес... Уайымдау – табиғи сезім. Қадағалап отырмаса иесін қажап, дел-сал күйге түсіреді.

Жазушы Әзілхан Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз» еңбегінде даңқты қолбасшы, өзі де сөзі де патриотизмнің символына айналған Бауыржан Момышұлының мынадай сөзін мысал етеді: «Үлкен өзендерде пароход жүзіп келе жатқанда арнаулы адам судың тереңдігін үнемі өлшеп отырады. Өйтпесе пароход қайырап, бөгіліп қалады. Немесе оның винтіне зақым келіп, істен шығады. Алған жүгін тиісті жеріне уақытында жеткізе алмайды. Адам да пароход сияқты. Ол да өзінің алдын үнемі оймен өлшеп отыруы керек. Ойланбаған

орға жығылады, опық жейді. Оған өзінің өр көкіректігін, өзіншілдігін ғана кінәлі. Бұл сенің ақылсыздығыңнан істелетін іс емес. Ақыл да ойлағанды ұнатады. Ойла-нып-толғанған адамға ғана ақыл дұрыс жол көрсетеді».

Ақыл – адамға берілген ұлы нығмет. Ақыл – сезімді реттейтін, қадағалайтын, бағындыра да алатын, бағыт та беретін нығметтің бірі. Абай айтқандай, «үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Үш қасиетті бірдей ұстау – даналықтың белгісі. Қайратты адамда мол күш бар. Ақылға көнген күш мақсатқа жетуге көмектеседі. Керісінше көрініс тапса кедергі келтіреді. Абай: «Ер ісі – ақылға көнбек, бойды жеңбек», – дейді.

Бүгінгі заманда эмоционалды интеллект өзекті мәселенің біріне айналды. Жарлы жоққа күйінсе, бай барға қанағат етпейді. Екеуінің де жүрегінде тыныштық жоқ. Сезімдерін қадағалауды үйренген адам ішкі тәртіпті ретке келтіріп, өзін бақылауға алады. Өзін-өзі тәртіпке шақыру – ең тиімді тәрбиесі тәсілі. Адам өзін алдауға



бейім. Өйткені оған сезімдері ырық бермейді. Сезімнен жеңе алмаған соң өзін қадағалау ісін уысынан шығарып алады. Өзіне сын көзбен қарайтын, қателіктерінен сабақ әрі қорытынды шығара алатын адам қашан да жетістікке жетеді. Мұндай дағдыны қалыптастырғандардың қатары аз. Бұл қасиетке өзін жіті қадағалайтындар ие болған. Адам өзін қадағаласа, ойы орнықты, сөзі салмақты, ісі нәтижелі болады.

Көбіміз ай дейтін аяның, қой дейтін қожаның «таяғымен» тәртібімізді түзедік. Бірақ ажа мен жожа қашанға дейін қасымызда жүре береді? «Жетектеген тазы түлкі алмас». Түбінде өзінмен жеке қаласын. Жан-дүниені шындықтың көзі-

мен қарауға тура келеді. Жігері жеткендер өзін қолға алады.

Өзін қадағалайтын адам алдымен жауапкершілікті өзіне жүктейді. Мақсатына ұмтылады. Табысқа жету жолында сүрініп кетсе, кінәні сырттан іздемейді. Жолымды бөгеді, сәті түспей қалды, уақытым жетпеді деген сылтаулармен өзін жұбатпайды. Адам өзін ақтап алуға асығып тұрады. «Құрбан болу» позициясын ұстану ізденуге, қайта тұрып, бәрін басынан бастауға кедергі келтіреді. Мәселеге тереңірек үңілсек, көп сылтау өзімізді жөнге салуды үйренбеуімізден туындайды.

Өзін қадағалайтын адам әрқашан айна-ламамен көркем мәміле жасайды. Өйткені

эмоцияға берілмейді. Даудан бойын аулақ ұстайды. Дөрекілік танытқан біреудің денгейіне түспейді. Мінезі ұстамды адамға сенім артасын. Онымен сұхбаттасқан, бірге жұмыс істеген қандай жақпа! Онымен дауласудың өзі ұят.

Ішкі сезімін қадағалауды үйренбеген адам өзіне келіп тұрған табыстан айырылып, мүмкіндіктерді жіберіп алады. Болмашы нәрселерге эмоциясын шығарып, абыройын төгеді. Өз ортасында сый-құрметі азайып, өзін де, өзгені де ыңғайсыз жағдайға душар етеді. Шалт мінезін танып алғандар жанаспауға тырысады. Нәтижесінде ортасынан оқшауланып қалғанын сезбей қалады. Бұл түрлі жағымсыз сезімдер мен ойларға жетелейді...

Сезімін қадағалауды білмейтін адам Сөзгерлерге артық сөз айтып, сонынан кешірім сұрап жүреді. Біреуден кешірім сұрамайтынды сөз айту – ішкі мәдениетті қажет ететін қасиет. Әрқашан кінәнді сезініп, кешірім сұрай беру қадірінді кетіреді. Мұндайда ең қиыны – жақын адамыңның алдында салмағыңды жоғалту. Мінездегі тұрақсыздық ең әуелі өзіңе, одан кейін айналаңа жақсылық әкелмейді.

Адам табиғаты әртүрлі. Десе де іштегі сезім ақылдың алдында бас иеді. «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деген Абайдың кесімді пікірі бекер емес. Өзімізді өзіміз жөнге салып, қадағалау қиын. Бірақ оны орында әркімнің қолынан келеді. Ол үшін күн сайын өзімізге есеп беріп, ішкі тәртіпті күшейтуіміз керек. Дегенмен бұл әдетті қалыптастырғанда адам өміріндегі түрлі қиындықтарында сүрінбей, өз жолын табады.

Сезімді қадағалау кезінде үнемі кедергі келтіретін күш – ішкі қалау. Жамандыққа бұйыратын нәпсіні тәрбиелейтін тәсіл – ТЕЖЕУ.

# Тежеу

АДАМНЫҢ ҚАЛАУЫНА ТОҚТАМ ЖОҚ, ЕРКІНЕ ЖІБЕРСЕН, ЕРІКСІЗ ТӘУЕЛДІ БОЛАСЫҢ, ҚАЛАУДЫҢ ҚҰЛЫНА АЙНАЛУ – НАҒЫЗ ҚОРЛЫҚ, ҚАЛАУ ПАТШАНЫ ҚҰЛҒА, АЛ САБЫРЛЫҚ ҚҰЛДЫ ПАТШАҒА АЙНАЛДЫРАДЫ. ӨЙТКЕНІ ҮНЕМІ ТІЗГІНДЕУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ҚАЛАУДАН АСҚАН АСАУ СЕЗІМ ЖОҚ. ОЛ – АДАМНЫҢ БАСТЫ ЖАУЫ. ӨЗІН ТАНЫҒАН АДАМ ДҮШПАНЫН ЖАҚСЫ БІЛЕДІ. ШАЛ АҚЫН НӘПСІНІ КӨКЖАЛ БӨРІГЕ, АЛ ИМАНДЫ БАҒЛАН ҚОЗЫҒА ТЕНБЕЙДІ. «ЕГЕР ТЫЮ САЛМАСАҢ, ИМАНЫНДЫ ЖЕП КЕТЕР» ДЕЙДІ. ИЕСІНЕ БОЙСҮНҒАН ҚАЛАУ ЖАМАНДЫҚТЫ ТӘРК ЕТЕДІ.



Бірде жақын араласатын кісінің ауылына қонаққа бардық. Жаз кезі, күн ыстық. Ауыл іргесінде бәйге өтіп жатыр. Су ішкіміз келді. Әлгі ағамыз: «Қазір үйге барамыз, шиданыздар», – деп қысқа қайырды. Жолай дүкеннен де алдырмады. «Қонақжайлы-ғыңыз күшті екен» деп сөзбен шымшып алғандай болды. Түскі астан кейін өмір бойы естен кетпейтін насихат айтты. Бекер айттық-ау делік...

«Адам қалауын қажет, адал болған нәрсенің өзінен шектеп, үйретуі керек. Шын мәнінде шыдай аламыз. Бірақ төзгіміз келмейді. Сол үшін көп нәрсенің қадіріне жете бермейміз. Нәпсіні шынықтыру керек. Оны рұқсат етілген амалдан шектей алатын дәреже жеткізген, арам істі жасауға ұятты жібермейді. Адамның қалауы ешқашан тоқтамайды. Оны ақылға, ерік-жігеріне бойсұндыра алсан ғана жетістікке жетесің. Нәпсіңе ерсең, оның құлына айналасың» деді. Ұялғанымыз-ай...

Қазір біз табиғи нәрселерден дофамин алудан алыстап барамыз. Табиғатта серуендеу, жаттығу жасау, пайдалы кітап оқу, шығармашылықпен айналысу, айналана жақсылық жасап, қамыққанды қуанышқа бөлеу сынды істерден мимымыз «сыйлық» алғандай, жүрегіміз тыныштық тапқандай әсерді сезіне бермейміз. Нағыз дофамин алуға, ерекше рахатқа

бөленуге лайықты амалдар осы емес пе?!

Өкінішке қарай оның орнын әлеуметтік желі, түрлі ойындар, видеолар алмастыруда. Баланың қолынан смартфонды алып қою олар үшін дағдарысқа айналды. Уақыт өте келе күнделікті көретін видеоларға ми бейімделіп, қызығы бәсеңдеп, смартфонның әсері азаяр деп ойлайсың. Бірақ олар телефонның қызығына «тояр» емес. Үндемесен таңға дейін көре беретін түрі бар. Өзіміз де осы нәрсеге «батып» кететінімізді несіне жасырамыз...

Бәйге заманда өткен ізіз-төзгіміз келмейді. Сол үшін көп нәрсенің қадіріне жете бермейміз. Нәпсіні шынықтыру керек. Оны рұқсат етілген амалдан шектей алатын дәреже жеткізген, арам істі жасауға ұятты жібермейді. Адамның қалауы ешқашан тоқтамайды. Оны ақылға, ерік-жігеріне бойсұндыра алсан ғана жетістікке жетесің. Нәпсіңе ерсең, оның құлына айналасың» деді. Ұялғанымыз-ай...

Ойын-сауық видеолардан біртіндеп арылу үшін әлеуметтік желіге демалыс күндері немесе белгілі уақыттарда мүлде кірмеуге бекинеміз. Оның орнына пайдалы іспен шұғылданып, қамыққанды қуанышқа бөлеу сынды істерден мимымыз «сыйлық» алғандай, жүрегіміз тыныштық тапқандай әсерді сезіне бермейміз. Нағыз дофамин алуға, ерекше рахатқа

ретінде қабылдаған ми маза бермейді. Марафон талабына сәйкес, белгілі уақытқа дейін бірнеше бет кітап оқығаның, түрлі жаттығу жасағаның жайлы ватсап тобында есеп беріп, дауыс білдіріп отыруың шарт.

Бұл амал тұрақты жүзеге асса адамның әдетіне айналады. Шөкәрім қажы айтқандай, әдетің мінезіңе айналады, мінезің – сенің тағдырың. Қырықна шыдаған қалау қырық бірінше де шыдайды. Осылайша жақсы әдет күнделікті өмірдің бір бөлшегіне айналады. Жақсы әдеттен дофамин алып, керемет сезімге бөленуге болады. Дұрыс мақсат қою дофаминді дұрыс бағытта қолдануға көмектеседі.

Бойдағы құмарлықты бойсұндырып, дұрыс бағыттағы қалауды басқару – психологиялық, физиологиялық және рухани тұрғыдан даму үшін өте маңызды қадам. Бұл – саналы өмір сүруге жетелейтін шешім. Өйткені адам өзін өткініш құмарлық істерден тыйған сайын зор табысқа жетеді. Әр нәрсені артық қалау аландатпай қоймайды. Жиі күйзеліске, көңіл-күйдің құбылуына әкеп соғалды. Маңызды істерге назар аударудан тосады. Сондықтан қалауды барынша тежеп, бойсұндыруға көңіл бөлген абзал.

Артық қалауды тежеп, өз-өзінді басқару ұстамдылыққа, тұрақтылық пен табандылыққа тәрбиелейді. Тәуелділіктен арылуға көмектеседі. Телефонға, ойынға, кофеге, тәтті заттарға т.б. зиянды нәрселерге тәуелді болып қалудан сақтайды. Ерік-жігерің күшейеді. Еркіндікті сезінесің. Еркін болу қалағаныңды істей беру дегенді білдірмейді. Ұятты жоқ адам ғана қалағанын істейді. Қажетсіз істерден арылу, пайдалы нәрсені таңдау – нағыз еркіндік. Тәуелсіз болу үлкен бақыт емес пе?

Артық қалауды тежегенде терең ойлауды үйренесің. Жүректің көзі ашылады. Әр істен хикмет іздейсің. Рухани тұрғыдан өссесің. Сергек жүруге әдеттенесің. Айналана ақылдан, кімнің нәпсіден үлкен дұшпаным бар деген ойы болса – оны дұрыс танымағаны. Ішкі қалау жақсы мен жаман іске бейімделе береді. Нәпсі тәрбиеге мұқтаж. Нәпсіні жақсы іске бойсұндырып, үнемі тежеп, шындықтарды ұтырауға жетелейтін сезім күші – ТӨЗУ.

ТӨЗІМ ҚИЫНДЫҚТЫ ЖЕҢЕТІН ҚАСИЕТ ҚАНА ЕМЕС, ОЛ – ІШКІ РУХАНИ КҮШ, ДАНАЛЫҚ ПЕН ДҰРЫС ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН СЕЗІМ КҮШІ. ТӨЗІМДІЛІК – АДАМҒА АУАДАЙ ҚАЖЕТ ҚАСИЕТ. ОНСЫЗ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТЕМ ДЕУ – ЕСКЕКСІЗ ҚАЙЫҚПЕН ЖҮЗУМЕН ТЕҢ. ІРКІМІЕЙ ІШТЕН ШЫҚҚАН ЖАҒЫМСЫЗ ЭМОЦИЯ ТАЛАЙ ЖАННЫҢ БАҒЫН БАЙЛАҒАН. ТЕРІС ЭМОЦИЯ АҚЫЛДЫ БИЛЕП-ТӨСТЕУГЕ ТЫРЫСАДЫ. ОҒАН ҚАРСЫ КҮШ – ТӨЗІМ. САБЫР АЛҒАШҚЫ СОҚҚЫДА СЫНАЛАДЫ. БҮЛ – АУЫР ӨТКЕЛ. СҮРІНБЕЙ ӨТСЕК, ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРДІҢ ТӨБЕСІ КӨРІНЕДІ...

# Төзу

Шынайы төзім басқа сынақ келгенде білінеді. Осы сәтте сабыр ете алмаған пенде түбінде тағдырына көңіледі. «Басқа түссе – баспақшыл» дегендей, асау сезім жуа-сып, ақылға келген кезде болған іске болаттай берік болмасына шарасы қалмайды. Бірақ бұл көңілдің сауабы мен нәтижесі біз ойлағандай болмауы әбден мүмкін. Өйткені сауап пен нәтиже алғашқы соққыда еді. Хадистің мәні осында: «Сабырдың төресі басқа бәле түскен алғашқы соққыда көрінеді».

Өмірде адам сағын сындыратын сәттер өте көп кездеседі. Бұл сынақтар екі жолдың бірін таңдауға итермелейді. Біріншісі – өзіңді басқарып, сынақты шынайы сабырмен қабылдау. Екіншісі – жағымсыз эмоцияларды шығарып, сонынан амалсыз көңілу. Бірінші жолды таңдаған ешқашан ұтылмайды. Ұлы істер төзім мен тәртіп орнаған кезде өз жемісін беретінін ұмытпаған дұрыс. Бір ақиқат бар: бізді әлсірете алмаған сыртқы әсер рухымызды одан сайын күшейте түседі.

Төзімділік бір сәтте қалыптаспайды. Ол өмірлік тәжірибемнен келеді. «Көпті көрген – көнеді, көпті білген – төзеді». Халық айтса, қалып айтпайды. Рас сөз. Біз көп жағдайда болған істің қарама-қайшы нұсқасын жасаймыз. Қарсы реакция білдіреміз. Таршылық қысса, тағдырға наразылық танытамыз, қайғыға батамыз. Ойға алған іс орындалмаса, ашуға бой алдырамыз. «Сүйдім, күйдім» деп алған жарымыздың жайсыз бір мінезі ұнамай қалса, одан жерініп, ажырасуға бейіл тұрамыз.

Таршылыққа төзу – тағдырға тризальтық белгісі. Орындалмай қалған іске сабыр ету – қайырын күтудің көрінісі. Әйелдің ұнамсыз мінезін ұстамдылық таныту – оны жазына көрудің нышаны. Төзімнің мәні мынада: болған істі

байсалды мінезбен қабылдау, жүректін қалауын дер кезінде тоқтату, қайшы әрекет жасамау. Барлық нәрсені өзіміз ойлағандай қалыпқа сала берсек, тағдырға иман еткеніміз қайда қалды? Бұл Алланың үкімімен іштей келіспеу деген сөз ғой.

Төзім әр адамның рухани тірегі болуы қажет. Сәт сайын құбылған мына заманда сабырлы болу аса маңызды. Төзім – өзіңді танудың негізі. Ал асығыстық жасау – өз қалпына қарсы жүрумен тең. Өз табиғатына қайшы әрекет еткен пенде әрқашан қиындықпен бетпе-бет келеді. Өзін, Жаратушысын таныған адам биік мақсаттарға жетеді. Алланы сынағанды қайырғанда – жетістікке жеткен туғаларға тән дағды.

Спортшылар арасында «Шыдамды Жак» («Терпеливый Жак») атанып кеткен марқұм мен тәртіп орнаған кезде өз жемісін беретінін ұмытпаған дұрыс. Бір ақиқат бар: бізді әлсірете алмаған сыртқы әсер рухымызды одан сайын күшейте түседі.

Төзімділік бір сәтте қалыптаспайды. Ол өмірлік тәжірибемнен келеді. «Көпті көрген – көнеді, көпті білген – төзеді». Халық айтса, қалып айтпайды. Рас сөз. Біз көп жағдайда болған істің қарама-қайшы нұсқасын жасаймыз. Қарсы реакция білдіреміз. Таршылық қысса, тағдырға наразылық танытамыз, қайғыға батамыз. Ойға алған іс орындалмаса, ашуға бой алдырамыз. «Сүйдім, күйдім» деп алған жарымыздың жайсыз бір мінезі ұнамай қалса, одан жерініп, ажырасуға бейіл тұрамыз.

Таршылыққа төзу – тағдырға тризальтық белгісі. Орындалмай қалған іске сабыр ету – қайырын күтудің көрінісі. Әйелдің ұнамсыз мінезін ұстамдылық таныту – оны жазына көрудің нышаны. Төзімнің мәні мынада: болған істі

я, Бозин барады, келесі жол – сенікі. Бапкерлер солай деп шешті», – дейді. Мен болсам: «Ө, бапкерлер солай шешсе, жарайды. Мен келесі жолы-ақ барайын», – дей салам. Сыр білдірмеймін, қарсы дау айтпаймын. Бірақ түптің түбінде осы сабырмен текке кетпейтініне сендім. Бапкерлер мені Әлем, Еуропа чемпионатынан қасқана қакты да отырды. Мысалы, 1978-1980 жылдары жалғыз рет ұпай санымен ұтылыппын. 1978 жылы КСРО чемпионатында бәрімен жеңіп, финалда Аникинді менсінбей жүресім деп жеңісті қолдан беріп қойдым.

1979 жылғы КСРО чемпионатында финалға шыққан А.Шумаков екеуімізді күрестірмеді. Менің көзімді бақырайтып қойып жеңісті А.Шумаковқа беріп жіберді. Сонда да мың етпедім. Бірақ Шумаковтың дәті шыдамады. Олимпиадаға аз ғана күн қалғанда бас бапкер Сапунов бастаған жаттықтырушылардың алдында барып: «Олимпиадаға мен қатыса алмаймын. Жақсылық бәрімізден күшті. Оны өздеріңіз де білесіздер. Оған сенуге болады», – деп бас тартты. Осылай Олимпиадаға қатысатын болдым...

Әр адамның тағдыры күреске толы. Бәріміз өмірдейтін күрес алаңындамыз. Асығыстық танытып, сәл жерден мүлт кетуге болмайды. Әліптің артын бағып, төзіп, дұрыс шешім қабылдау ғана жеңіске жеткізеді. Егер Жақсылық аға әділетсіздікке шыдамай, спортты тастап кеткенде кейін алтын алмай, есімін алтын әріптерме жазбай кетер ме еді... Бойындағы төзімділік қасиет палуан ағамызды Олимпиада, Әлем чемпионы етті. Нағыз палуан – өз бойындағы жағымсыз эмоциясын жеңген адам.

Төзімділік туралы сөз еткенде Тескеретін жайт бар. Асыл дініміз күнәлі істе, ар мен намысты қорлағанда, Отанына, отбасына, мал-мүлікке қиянат жасағанда төзуге болмайтынын ескертеді. Бұл – құпталмайтын төзім. Осыны ұмытпау ләзім. Төзімнің үш түрі бар: ізгі амал жасау барысында сабыр ету, қиындыққа тап болғанда шыдамдылық таныту, күнәлі іспен бетпе-бет келгенде (оны жасамай) сабыр ету. Жаман істі жасамауға, жақсы амалды ұдайы жалғастыруға төзімділік, табандылық танытқан адамның дәрежесі биік.

*Балпаң, балпаң кім баспаң, Басарға балтаң шымдас, Батырмын деп кім айтпас, Барарға әжурек шымдас,* – деп жырлайды Ақтамберді палуан. Батыр майданда сыналады. Рухы мықтылар басқа сынақ түскенде айқындалады. Әр істің әшекейі – төзім мен жігер.

Байлық пен биік те – үлкен сынақ. Төзімділікті қажет етеді. Өйтпесе мінезді өзгертеді, нәпсіні семіртеді. «Семіздікті қой ғана көтереді» дегенді ұсақ малдың жайын жақсы білетіндер түсінеді. Байлыққа сабыр еткендер оны дұрыс мақсаттарға жұмсайды.

Түйіндеп айтқанда, төзім – мәселенің түйінін тарқататын қасиет. Төзімді шындай түсуге көмектесетін сезім күші – тағдырға РИЗАЛЫҚ.

ҚҰРАН ИНЖУЛЕРІ

# «ТӘУБЕ» СҮРЕСІ

ТӘУБЕ СҮРЕСІНІҢ МАҒЫНАСЫ «ТӘУБЕГЕ КЕЛУ», «ТӘУБЕ ЕТУ» ДЕГЕНДІ БІЛДІРЕДІ. ҚҰРАҢДАҒЫ БИСМИЛЛӘСІЗ БАСТАЛҒАН ЖАЛҒЫЗ СҮРЕ. КЕЙБІР ҒАЛЫМДАР «ӘНФӘЛ» СҮРЕСІНІҢ ЖАЛҒАСЫ ДЕГЕН. БҮЛ СҮРЕНІҢ БАСҚА АТАУЫ «БАРА,А», ӨЙТКЕНІ СҮРЕ ОСЫ СӨЗБЕН БАСТАЛАДЫ.

**РЕТТІЛІГІ, АЯТ САНЫ**

Құрандағы реттілігі жағынан 9-сүре. Мәдина қаласында «Мәида» сүресінен кейін нұжреттің 9-жылы Табук соғысында түскен. Ғалымдар сүредегі 128-129 аяттарды меккелік деп санаған. Аят саны – 129. Құранның 10, 11-парасында 187-207 беттерде орналасқан.

**ҚЫСҚАША МАЗМҰНЫ**

Бұл сүре мүшріктерге қатан ескертумен үзділді-кесілді талабымен басталады. Ал егер бисмилләмен басталса, Исламдағы сәлем секілді тыңдаушыға есендік, бейбітшілік тілегендей көрінетін еді. Тәубе деп аталу себебі жорыққа қатыспаған үш адамның киссасы, олардың тәубелерін Алланың қабыл еткені жайында. Мазмұны жағынан оған дейінгі «Әнфәл» сүресіне ұқсайды.

Адамзатқа пайғамбар жіберілуідегі негізгі мақсаттар, мүшріктердің келісімде тұрмайтыны, Алла жолында күресудің маңыздылығы және кітап иелерімен қарым-қатынас баяндалады.

**АРТЫҚШЫЛЫҒЫ**

Файрузабадидің «Басаир зауи тамиз» кітабында «Тәубе» сүресінің артықшылығы жайында: «Кімде-кім «Тәубе» сүресін оқыса, Алла Тағала оның тәубесін Адам, Дәуіт пайғамбардан қабыл еткен секілді қабыл етеді, дұға еткен болса, Зәкәрияға қалай жауап берсе, солай жауап береді, оқыған әрбір аяты үшін Зәкәрияға берілген сауап беріледі», – деген.

**ИНЖУЛЕРІ**

«Ендеше, оларға: «Алла маңдайымызға не жазса, соны ғана көреміз. Ол біздің жалғыз Иеміз. Сондықтан шынайы мүміндер бір Аллаға ғана тәуекел етсін», – деп айт» («Тәубе» сүресі, 51-аят).

«Екіжүзділердің берген садақаларының қабыл болмауының себебі, олар Аллаға һәм елшісіне (сенбей) күпірлік қылуы. Сондықтан олар намазға келсе де, жалқауланып, кезегесі кейін тартып әрең келеді, садақа берсе де (шын көңілден емес) амалсыздан береді» («Тәубе» сүресі, 54-аят).


«(Уа, Мұхаммед!) оларға: «Қарекет қылындар! Істеріңді Алла да, елшісі де, мүміндер де көреді. Нәтижеде, гайыпты да, жарияны да толық білетін (бір Аллаға) қайтарыласыңдар» («Тәубе» сүресі, 105-аят).

«Уа, иман келтіргендер! Аллаға тиісінше тағзым етіңдер әрі Оған қарсы келуден барынша сақтаныңдар, сондай-ақ (ісі де, сөзі де тұзу, Аллаға берген уәделеріне берік) шыншыл жандармен бірге болыңдар» («Тәубе» сүресі, 119-аят).

«Алла игілікті істер атқаруға жаны құмар ізгі жандардың (маңдай терімен тапқан) сауабын зая етпейді» («Тәубе» сүресі, 120-аят).

Дайындаған  
Хамзат ҚАЖЫМҰРАТҰЛЫ

# Еліміздегі ДІНТАНУ



1958 жылы бұл сектор қайта ұйымдастырылып, Қазақ КСР Ғылым академиясының Философия және құқық ғылыми-зерттеу институтына айналды. Институттың негізгі міндеті – философиялық-дүниетанымдық, философиялық-әдіснамалық және дінтанулық зерттеулер жүргізу болды.

Дінтанулық бағыттағы алғашқы білім беру зерттеулерінің бастауында Санжар Асфендияров, Сергей Руденко, Саул Абрамзон секілді тұлғалар тұр. Исламға дейінгі қазақтардың наным-сенімдерін Халел Аргынбайұлы, Қатыршат Шапағатұлы, Вениамин Востров, Мықтыбек Әбділдаев секілді зерттеушілер талдады. Қазақтар арасындағы ата-баба культі мен оның этногенетикалық және тарихи-мәдени негіздерін Сәбетқазы Ақатаев зерттесе, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы мұсылман дін-басқарушының реакциялық рөлі туралы Ермұхан Бекмаханов жазды. Қазақ даласындағы ағарту ісі мен мектептер, медреселер жайлы Әбдіхамит Сембаев зерттеді. Ислам мен қоғамның өзара байланысы туралы Нариман Сәбитов пен Т.Саидбаева жазды. Бұл кезеңдегі гуманитарлық ғылымдардың денгейіне сол уақыттың идеологиясы – атеистік дүниетаным әсер еткені сөзсіз. Кенестік дінтанудың ғылым ретінде дамуы ғылыми атеизм теориясы, дін тарихы және еркін ойлау мәселелерін зерттеумен шектелді. Көп жағдайда зерттеу мәселелері бұрмаланып, кейде мүлдем ескерілмей қалды.

Тек Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана дінге қатысты маңызды еңбектер жарық көре бастады. Атап айтқанда, «Ислам: тарих және қазіргі заман» атты конференция тезистері (2001), Жамбыл Артықбаевтың «Еуразия көшпелілері» (2005), Әбдеш Төлеубаевтың «Омбы өңірі қазақтарының этногенезі» (2007), Назира Нұртазинаның «Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихындағы Ислам» (2009), сондай-ақ Әбдеш Төлеубаевтың «XIX-XX ғасыр басындағы қазақтар арасындағы Исламға дейінгі сенімдердің қалдықтары» (1991), Раушан Мұстафинаның «Қазақтар арасындағы наным-сенімдер мен жоралғылар» (1992), Әбсаттар қажы Дербісәлінің «Ислам және қазіргі заман», «Ислам мұрасы» еңбектері мен Әбдімәлік Нысанбаевтың дінге қатысты еңбектері ерекше атап өтуге тұрарлық.

1992 жылдан бастап елімізде дінтанулық және діни білім беру жүйелі түрде қолға алынды. Сол жылы Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде дінтанушы мамандар даярлау басталды. Бүгінде дінтану бойынша кадрлар даярлау үш деңгейде (бакалавриат, магистратура, PhD докторантура) Астанадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Алматыдағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Алматыдағы Нұр-Мұбарак университеті, Шет тілдер және іскерлік карьера университеті және басқа да жоғары оқу орындарында жүргізіледі.

Нұр-Мұбарак университеті – «Дінтану» және «Исламтану» мамандықтары бойынша айтарлықтай жетістікке жеткен білім ордасы. Университет ғалымдары Мысырдағы өйгілі әл-Азһар университетімен тығыз байланыс орнатып, бірақтар халықаралық ғылыми жобаларда бірлесіп жұмыс атқаруда. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасымен бірлесіп отырып, дінтану және исламтану салаларында оқыту бағдарламалары дайындалып, арнайы базалар құрылды. Бұл университетте соңғы жылдары көптеген шәкірттер білім алып, елге танымал дінтанушы және діни қайраткерлерге айналды.

Отандық дінтанудың қалыптасуы мен дамуына айрықша үлес қосқан тұлғалар қатарында шығыстанушы, дінтанушы, филология ғылымдарының докторы, про-

фессор Әбсаттар Дербісәліні, белгілі арабтанушы, профессор Шамшәддин Керімді, белгілі ғалым, профессор Әшірбек Мүминовті, PhD доктор Алау Әділбаевты, Исламтану кафедрасының меңгерушісі, PhD доктор Нұрлан Анарбаевты және басқа да дін саласының көрнекті өкілдерін атауға болады. Айта кету керек, қазіргі Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти, PhD доктор Наурызбай қажы Тағанұлы да Нұр-Мұбарак университетінің докторантурасында білім алған. Оның жетекшілігімен көптеген кітаптар, дін жөнінде тарих тақырыбындағы ғылыми еңбектер жарық көрді.

Бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың дінтану және мәдениеттану кафедрасы 20 жылдық тарихымен ерекшеленеді. Бұл кафедрала дінтану мамандарын даярлау 1998 жылдан бастап қолға алынды. Оның бастамашысы философия ғылымдарының докторы, профессор Б.Құдайбергенов болды. Бастапқыда бакалавриат, кейін магистратура ашылды, ал 2011 жылдан бастап PhD докторантура жұмыс істейді. Алғашқы PhD докторлары – Альбина Дүйсенбаева, Құдайберді Бағашар, Гүлдана Шүңғылова. Кафедра бастамасымен көптеген халықаралық симпозиумдар мен конференциялар өткізілді. Атап айтқанда, «Шығыс-Батыс: мәдениеттер диалогы» (1992, 1996, 1998), «Қазіргі адам – жан ізденісінде» (2006), «әл-Фараби – Абай: рухани сабақтастық мәселесі» (2007), ICAPA 2008 және «Діни идентификация және ұлттық қауіпсіздік мәселелері» (2008) атты ғылыми конференциялар.

«ҚазҰУ хабаршысы» және басқа да дінтану тақырыбындағы ғылыми басылымдарды да ерекше атап өтуге болады. «ҚазҰУ хабаршысы» журналы дін тақырыбындағы түрлі жанрдағы мақалаларды жариялап, көзқарас диалогына алаң болып отыр. Кафедра қызметкерлері еліміздегі діни жағдайды ғылыми негізде түсіндіру, діни сана мен танымның табиғатын ашу мақсатында түрлі деңгейдегі іс-шараларға, БАҚ-қа белсенді қатысып келеді. Алматы қаласындағы Дін істері комитетімен бірлесіп отырып, 2003 жылдан бері мемлекеттік қызметкерлерге, күштік құрылым өкілдеріне, білім беру ұйымдарының ұстаздары мен жастарға арналған семинарлар өткізіліп келеді. Кафедра сондай-ақ Философия, саясаттану және дінтану институтымен және алыс-жақын шетелдердің ЖОО-ларымен тығыз байланыс орнатқан.

Кафедрада «Нұр» атты студенттік ғылыми үйірме, Дінтану сараптамасы мен зерттеулер орталығы және дәстүрлі діндер жөніндегі арналған шағын музей жұмыс істейді. 2014 жылдан бастап «Исламтану» мамандығы бойынша лицензия алған. 2015-2018 жылдар аралығында үш томдық «Дінтану» энциклопедиясы, 2011 және 2018 жылдары жоғары оқу орындарына арналған «Дінтану» оқулықтары және көптеген оқу құралдары жарық көрді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың дінтану және мәдениеттану кафедрасы бүгінгі таңда ұлттық ғылым мен білімнің дамуына сүбелі үлес қосып, заман талабына сай жұмыс жүргізуде.

**Қорыға айтқанда, қазіргі Қазақстанда дін және дінтану саласындағы зерттеулер жоғары деңгейде жүргізілуде. Бұл – қуантарлық жағдай. Себебі бұл салада кәсіби мамандар мен білімді ғалымдардың болуы – діни фанатизм мен радикализмнен сақтанудың кепілі. Олардың білімі мен ғылыми еңбектері қоғамның рухани қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды факторына айналды.**

Нұрлан ҚАЙЫРБЕКОВ,  
ҚМДБ Діни сараптама бөлімінің меңгерушісі

## АУЫЛ БАЛАЛАРЫНА ҮМІТ СЫЙЛАДЫ

Бүгінгі таңда адамзат өркениетінің басты өлшемі баланың жан-жақты дамуына жасалған жағдаймен өлшенетіні белгілі. Осы орайда ҚМДБ-ға қарасты «Зекет және қайырымдылық» қорының бастамасымен жана оқу орталығы ашылды. Астана қаласына іргелес «Пригород» елді мекенінде білім орталығының ашылуы ұрпақ тәрбиесіне арналған парасатты қадам болды.



Қордың «Мамандықтар мектебі» жобасы аясында жаңадан ашылған мекеме – ауыл баласының жүрегіне үміт отын жағып, көкірегіне арман ұялата білген игі бастама. Білім орталығының ашылу салтанатында сөз алған қор директоры Мақсатбек Қайырғалиевтің сөзінен бұл бастаманың маңыздылығын аңғаруға болады. «Бұл – ауыл балалары үшін үлкен мүмкіндік. Балалар білім мен өнерді қатар игіріп, жан-жақты дамиды. Мұндай игі бастамаларымызды алдағы уақытта да жалғастырамыз» деді ол.

Жаңа орталықта балалар ағылшын тілін еркін меңгеріп, домбыра құлағында ойнауды үйренеді. Сондай-ақ көлөнер мен тігін, жиназ жасау сынды кәсіпке де баулитын арнайы курстар бар. Әсіресе ұлттық нақыштағы этно-дизайн мен заманауи DTF және шелкография бағыт-

тары – балаларды тек тұтынушы емес, ойлап табушы, өндіруші етуге ұмтылған ұтымды қадам. Мұнда көлөнер сабағы – еңбекке баулыса, домбыра үні – ұлттық рухты оятады, ағылшын курсы – әлемдік өркениетке терезе ашады. Ерекше атап өтерлігі – осының бәрі тегін. Бүгінгі күні жаңа орталықта балалар аптасына төрт мәрте өтетін домбыра сабағына ерекше ықыласпен қатысуда. Сондай-ақ ағылшын тілі курсы бастау алды.

Орталықтың ашылу салтанатында өткен қайырымдылық шарасы да жүрекке жылу сыйлады. «Зекет және қайырымдылық» қорының өкілдері балаларға спорттық құрал-жабдықтар табыстап, тұрмысы төмен отбасыларға құрбандық еттері мен азық-түлік себеттерін таратты.

Думан АМАНЖОЛ

ҒАЛЫМДАР АЙТАДЫ:  
«ЖАРАТЫЛЫСЫ ЖЫҚПЫЛДЫ АДАМ БАЛАСЫНЫҢ ТАБИҒАТЫ МЫНА ҮШ СИПАТТАН ҚҰРАЛАДЫ. БІРІНШІСІ, ЖАНУАРЛЫҚ, ЯғНИ «ІШСЕМ-ЖЕСЕМ, ҰЙЫҚТАСАМ, КӨБЕЙСЕМ» ДЕГЕН ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР ЕКІНШІСІ, ПЕРІШТЕЛІК – ЖАРЫҚҚА, ТАЗАЛЫҚҚА, ЖАҚСЫЛЫҚҚА ҰМТЫЛҒАН. ҮШІНШІСІ, ШАЙТАНИ – АЛДАУ, АРБАУ, ҚИЯНАТ, ЗОРЛЫҚҚА БЕЙІМ. КӨБІНЕ ОСЫ ЖАНУАРЛЫҚ ҚАЛЫП ПЕН ШАЙТАНИ ТІЛЕКТІҢ ҚОСЫНДЫСЫ «НӘПСІ» ДЕП АТАЛАДЫ. НӘПСІ – «ЖАЛҒАН МЕННІҢ» МАЗМҰНЫ. ОНЫҢ САНАСЫ – ӨЗІМШІЛДІК, ҚАТЫНАСЫ – НЕ ПАЙДА ІЗДЕУ НЕ ҚАУІП КҮТУ...»

# РУХ пен НӘПСІ



Пендені Адам қылатын қасиет-қуат – рух. Ол – «нағыз Меннің» мазмұны, періштелік қалыбымыздың жеткіші, тірегі. Рух – Алла Тағаланың жаратқан жаратылысы болғандықтан («Сәжде» сүресі, 9-аят), оның бар ансар тілегі – Иесімен қауышу. Оның табиғаты – тазалық, пәктік, қасиеті – махаббат, мейірім, даналық, түйсігі – бірлік...

Адамға бақыт іздетіп, басын тауға да, тасқа да ұрдыратын, ешнәрсеге көңілі толмай тынышынды алатын, отқа да, суға да салатын, түп Иесін тапқанша тыншымайтын, зар жылатқан сағыныш-ғашықтық – рухтың сипаты.

Нәпсінің негізінен жамандыққа бастайтыны, Алла Тағала рақым етсе ғана

басқаша болатыны Құранда («Жүсіп» сүресі, 53-аят) ескертілген. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауатты мен сәлемі болсын): «Нәпсіден қалауатты дұшпан жоқ, өйткені ол сендермен бірге», – деп толықтыра түскен. Алла Тағала Құран Кәрімде нәпсінің тәрбиелеу-тазару сатысын негізінен үшке бөліп көрсеткен:

1. Нафси әммәро – бұйырушы, ұрындырғыш нәпсі («Жүсіп» сүресі, 53-аят).
2. Нафси ләууәмә – сөгic беруші, ауытқып тұрған («Қиямет» сүресі, 2-аят).
3. Нафси муғ്മәиннә – орныққан, тынышталған нәпсі («Фәжр» сүресі, 27-28 аяттар).

Нәпсінің бірінші сатысында шайтан мен нәпсі дос әрі бізге үстемдік етеді.

Ақылды да өзіне қызметші қылған, рухты бұғауда ұстайды. Былайша айтқанда, нәпсінің құлымыз – айуан кейіптеміз. Шәкәрім атамызша айтсақ, «Нәпсі дер рухсыз жандарды, Мейлі адам, мейлі аңдарды». Бұл сатыдағы пенденің мақсаты – құмарлығы, ақша, билік, атақ, тағы басқа. Мақсат-мүддесі – неғұрлым «тәттіні» ішіп-жеу, тойыну, жылы үй, жұмсақ төсек, ұйқы, күлкі, жыныстық тойт, мақтан, пайда, «мен, мен!» деп тұрған өзмішідік құлық, мақсатқа жету жолында ешнәрседен тайынбау, барлық нәрсені құрал қылу... Айуаннан айырмалы аз, мүмкін жоқ. «Олар мал тәрізді, тіпті одан әрі ада-

суда» («Ағраф» сүресі, 179-аят) деп Жаратқан Иеміз кейіп айтып, ескерткен дәрежедеміз...

Нәпсінің екінші сатысында ең әуелі Алла Тағаланың рақымымен, сосын түрлі себептердің арқасында адамда рух «оянады», ар-ұят іске қосылады. Бірақ жүректің толық тазаланбаған, ақылдың бірде рухқа, бірде нәпсіге қызмет етуші, адамның әлсіз, ұяттың көмескі кезіндегі иманның жай-күйі. Өмірдің мән-маңызын, не жақсы, не жаман екенін ақыл танытқырағанымен, жүрекке жетпеген, дилге сінбеген кезі. Жүректің рух пен нәпсінің арасында айналып тұрған толқыма-

лы кезені. Кейде байқамай, білместікпен, кейде біле тұра, нәпсі қалауы мен құмарлығына ілесіп күнә жасап қоятын, бірақ артында өзін-өзі сөгiп, тәубеге келетін, алайда қайта айналып қатгеге ұрына беретін ауытқымалы кезең, өзінмен-өзін алысып жүретін күреске толы кезең, шынайы болмысын алға шығуға талпынып жүрген арпалысты кезең. Бұл деңгейдегі басты шарт – назарын елде (басқанын қателігі, кемшілігінде) емес, өзінде. Яғни Шәкәрімше айтқанда, «Біреудің мінін көргенше, Қателігін тергенше, Өз ойынды мазалап, Өз бойынды тазалап – Өзінмен алыс өлгенше» немесе Абай хәкіміше түйіндесек, «Мықтымын» деп мақтанба, ақыл білсең, Мықты болсаң, әуелі нәпсінді жең!»

Нәпсінің үшінші сатысы пайғамбарларға, әулиелерге тән болса керек. Бұл дәрежеге жеткен адамның нәпсісі – ауыздықтаулы ат та, рухы – шабандоз. Күнә істегені үшін емес, ойлағаны үшін, тіпті ойына келгені үшін ұялатын, күнәсі үшін емес, өзенсіздігі үшін қысылатын, сауапсыз сәттеріне өкінетін, жапылдығына жылйайтын, «менінен» безінетін, махаббат-бірлікті сезінетін, құлшылығы шүкірлігі болған, иманның кемелдікке жеткен кезені...

Ғалымдар «Негізі нәпсі тәрбиесінің, өсу деңгейінің жеті дәрежесі бар» дейді. Әрқайсымызды туған анамыздан да сансыз есе артық жақсы көретін Жаратушы Иеміз сірәкөп, жан-дүниемізді тазартып, Өзінің сүйікті құлдарының қатарына қосқай!

Алғай ӘБІЛҒАЗЫҒҰЛЫ

# ИСЛАМОФОБИЯ – ОБРАТНАЯ ФОРМА РАДИКАЛИЗМА

**Х**ОТЯ В ПОСЛЕДНЕЕ ВРЕМЯ МЫ ЧАСТО СЛОВО «ИСЛАМОФОБИЯ», ОНО ВПЕРВЫЕ БЫЛО ИСПОЛЬЗОВАНО ФРАНЦУЗСКИМИ ВЫХОДЦАМИ В ПЕРВОМ ДЕСЯТИЛЕТИИ ДЕВЯТНАДЦАТОГО ВЕКА. ИСЛАМОФОБИЯ – СОСТОИТ ИЗ ДВУХ СЛОВ ИСЛАМ И ФОБИЯ. ИСЛАМОФОБИЯ – ЭТО СОВОКУПНОСТЬ ЛОЖНЫХ СУЖДЕНИЙ И ЛОЖНЫХ ВЗГЛЯДОВ, СФОРМИРОВАННЫХ ПРОТИВ ИСЛАМА В АНТИМУСУЛЬМАНСКОМ ОБЩЕСТВЕ. ИСЛАМОФОБИЯ – ЭТО РАЗЖИГАНИЕ НЕНАВИСТИ, СТРАХА, НЕНАВИСТИ К ИСЛАМСКОЙ РЕЛИГИИ И МУСУЛЬМАНСКОМУ ОБЩЕСТВУ ИСПОВЕДУЮЩЕМУ ИСЛАМ. ОНА ОСНОВАНА НА ОДНОБОКИХ ОШИБОЧНЫХ ПРЕДСТАВЛЕНИЯХ, СТЕРЕОТИПАХ И НЕДОСТАТОЧНЫХ ЗНАНИЯХ ОБ ИСЛАМЕ И ЕГО ПОСЛЕДОВАТЕЛЯХ. В ОБЩЕСТВЕ ИСЛАМОФОБИЯ МОЖЕТ ПРОЯВЛЯТЬСЯ В РАЗЛИЧНЫХ ФОРМАХ, ВКЛЮЧАЯ ДИСКРИМИНАЦИЮ, СТЕРЕОТИПЫ, ВРАЖДЕБНОЕ ПОВЕДЕНИЕ И ДАЖЕ НАСИЛИЕ.

**М**ожно всесторонне рассмотреть причины возникновения исламофобии. Во-первых, увеличение числа террористических организаций, таких как аль-Каида, Ирак и ДАИШ, Талибан. Особенно в западных странах информация против ислама и мусульман начала усиливаться после теракта в Соединенных Штатах Америки 11 сентября. Конечно, исламофобия существовала и на других этапах истории, но здесь исламофобия была очень распространена. В то время как исламские верования заявляют, что насилие и истребление противоречат исламу, националистические группировки в разных странах вышли на улицы под лозунгом «Нет Исламизации!» и начали распространять в социальных сетях ложную информацию против мусульман. Это послужило основой для распространения исламофобии в мире («Виды отношений к исламу во времена терроризма», 2018 г).

После того, как в современном западном мире исчезли такие понятия, как нацизм, фашизм и коммунизм, называемые врагами будущего, не говоря уже об исторических событиях, на первый план вышел страх (фобия) «исламизации Европы». Его проявлениями являются необоснованные обвинения мусульман в западном мире, рассмотрение содержания Корана как основы экстремистских идей, проблемы платков во Франции, карикатуры на пророков, запреты на строительство мечетей в Дании и Швейцарии, а в качестве крайних проявлений можно привести то, что прекращение ограничений в отношении мусульманской общины в Мьянме привело к кровавым событиям 25 августа 2017 года и терактам в Новой Зеландии 15 марта 2019 года. Коротко говоря, есть две основные группы, которые распространяют исламофобию. Первая группа исходя из таких событий, как теракт 11 сентября 2001 года, продвигая национальную идеологию, целенаправленно формируют видимость исламской религии как экстремистский. Вторая – псевдоисламская, радикальная религиозная группировка, пропагандирующая негативное мнение в обществе по причине своей религиозной безграмотности, способствующая распространению исламофобии, хотя и не преднамеренно («Исламофобия в Европе: дискурс и практика», Берлин, 2019 г, 43-стр). Очевидно, что средства распространения исламофобии у обеих групп не слабые. Если средствами формирования исламофобии первой группы являются средства массовой информации, сайты, социальные сети, статьи, книги, фильмы, то средством второй группы является безграмотность.

**Н**есмотря на то, что в мире существуют различные организации и объединения, пропагандирующие религиозную толерантность, проявления исламофобии продолжают в различных формах. В качестве примера можно привести обряды сожжения Священного Корана,

которые произошли в Швеции в 2023 году. Ряд таких исламофобских движений в обществе подрывают целостность общества и потрясают страну. Исламофобию можно назвать обратной формой радикализма, утверждая, что исламофобские пропагандистские группы представляют ислам как насильственную религию. Потому что радикализм – это



отклонение от основной цели, коренное изменение ситуации в том или ином деле, неукоснительное отстаивание определенной точки зрения и принципиальное противодействие другим позициям (Antinazi. Энциклопедия социологии, 2009).

Ислам – одна из самых распространенных мировых монотеистических религий, таких как христианство, иудаизм, корни которых передаются пророку Аврааму. Ислам пропагандирует человечеству только сострадание и доброту, честность и честность, справедливость и нравственность. В исламе человек, стремясь к счастью двух миров, никого не обижает смотря на его религию, не разделяя по национальности. В исламе человек на самом высоком уровне защищает и права животных. Как говорил пророк Мухаммед: «Мусульманин – это тот, кто не причиняет другим вреда своим языком и своими руками» (Сахих аль-Бухари, 10). В таком случае обвинять ислам в терроризме, отсталости, темноте, кровопролитии – это неуместно и большая ошибка.

В целях преодоления межрелигиозных, межнациональных конфликтов, преследуя целостность общества и мира в нем, вопрос исламофобии обсуждался на конференциях мирового уровня, и генеральная ассамблея ООН приняла решение по борьбе с исламофобией. Последние два года 15 марта отмечается как международный день борьбы с исламофобией. Организация объединенных наций утвердила этот день после нападений на мечети в Крайстчерче, Новая Зеландия, в результате которых погиб 51 человек.

**П**роблема исламофобии в Казахстане тоже немаловажна. В последние годы в стране широко распространены статьи, подкасты и даже программы на некоторых телеканалах на такие темы, как «Религия – темнота», «Ислам – против науки», «Ислам – арабование», «Ислам пришел на казахскую землю с насилием». Все это – посягательство на традиционную мусульманскую систему, формирующуюся в

казахском мировоззрении и идущую от наших предков. А такие нападения могут привести к колебаниям религиозной стабильности в нашей стране. Неслучайно съезд лидеров мировых и традиционных религий, впервые проведенный 23–24 сентября 2003 года продолжается до сих пор. Межконфессиональные соглашения, в первую очередь, являются залогом религиозной

стабильности в стране. Одной из мер профилактики исламофобии является увеличение числа таких круглых столов, повышающих принципиальную религиозную толерантность. Как известно, наше государство придерживается светских взглядов, формально нейтральных в религиозных вопросах. По состоянию на 4 квартал 2024 года в стране зарегистрировано 18 конфессий, 3999 религиозных объединений, 3788 культовых домов. Из этих религиозных объединений 2858 являются исламскими, а из культовых домов 2857 мечети. Это означает, что свобода вероисповедания, религиозные права каждой конфессии законодательно защищены.

**Е**ще один способ исламофобии – повысить религиозную грамотность населения и сформировать в обществе основополагающее правильное представление об исламской религии. Дать исчерпывающую информацию о явных признаках течений внутри исламской религии и объяснить, что они не имеют ничего общего с истинной исламской религией. Усиление межрелигиозных отношений, увеличение количества лекций и конференций. Таким образом, предотвращение исламофобии путем борьбы с религиозной безграмотностью. В этом плане, конечно, следует учитывать что министерство науки и высшего образования Республики Казахстан, комитет по делам религий министерства культуры и информации Республики Казахстан, а также все учителя и религиозные наставники, которые находятся в сфере просвещения, вносят большой вклад в борьбу с исламофобией. Также необходимо усилить ряд таких программ, как «Рухани жангыру», формирующих национальное сознание и крепкий духовный иммунитет. Пусть Всевышний Аллах даст благополучие нашей земле и нашему народу, сохранит нашу независимость и укрепит наше единство. И пусть в нашей стране всегда царят мир, спокойствие и согласие.

Естай АЙТУФАНҰЛЫ,  
Главный имам  
Карагадинской области



## ТАКФИРИЗ – ПАГУБНОЕ ОРУЖИЕ В РУКАХ РАДИКАЛОВ

**Т**АКФИРИЗМ – ЭТО НЕ ТОЛЬКО РЕЛИГИОЗНОЕ УЧЕНИЕ, НО И ОПАСНАЯ ИДЕОЛОГИЯ, КОТОРАЯ МОЖЕТ ПРИВЕСТИ К НАСИЛИЮ, РАЗРУШЕНИЮ СОЦИАЛЬНЫХ СВЯЗЕЙ И ПОЛИТИЧЕСКОЙ НЕСТАБИЛЬНОСТИ. НА ПРАКТИКЕ ЕГО ВЛИЯНИЕ РАЗРУШАЕТ КАК ОТДЕЛЬНЫЕ ОБЩЕСТВА, ТАК И МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ, ТРЕБУЯ ШИРОКИХ УСИЛИЙ НА ВСЕХ УРОВНЯХ ДЛЯ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ И ПРЕДОТВРАЩЕНИЯ РАСПРОСТРАНЕНИЯ ЭТИХ ВЗГЛЯДОВ.

Экстремистские группы используют эти платформы для пропаганды своих идей, призывая к насилию и созданию «халифата» или других радикальных образований. Это делает такфиризм более глобальной угрозой.

### 10. Моральное оправдание насилия и терроризма.

Такфиризм часто используют как оправдание для террористических актов и насилия против людей, которых считают «неверными». Это так называемая защита веры или «священная обязанность» ведёт к многочисленным жертвам среди мирных жителей и разрушению общин.

### 11. Радикализация молодых людей.

Одной из целей пропаганды такфиризму является привлечение молодежи, особенно в регионах, где существует социальное и экономическое неравенство. Молодые люди, ищущие смысл жизни и место в обществе, могут быть уязвимы к радикализационным идеям, что приводит к их вовлечению в террористические или экстремистские группы.

Противодействие такфиризму – это меры, направленные на предотвращение распространения опасной идеологии, которая приводит к насилию и разделению людей.

Вот основные способы борьбы с такфиризмом:

### 1. Образование и просвещение.

Очень важно обучать людей правильному пониманию Ислама, показывать, что религия учит терпимости и уважению к другим. Это поможет предотвратить распространение радикальных идей. Например, уроки о традиционном Исламе, пропагандирующие мир, уважение и единство, могут противостоять экстремистским взглядам.

### 2. Религиозное лидерство и диалог.

Мусульманские учёные и религиозные лидеры должны активно осуждать такфиризм, разъясняя, что истинный Ислам не поддерживает насилие и жестокость. Также важно создавать пространство для диалога между разными мусульманскими течениями и религиозными группами, чтобы снизить напряжённость и недопонимание.

### 3. Пропаганда мирных ценностей.

Важно распространять идеи мира, любви и солидарности как основу для общения между людьми. Это включает в себя как религиозные, так и культурные инициативы, которые помогают построить толерантное общество.

### 4. Борьба с радикализацией через интернет.

Поскольку такфиризм часто распространяется через интернет и социальные сети, нужно активно работать с онлайн-платформами, чтобы блокировать экстремистские материалы и помочь молодым людям избежать вовлечения в радикальные группировки. Программы по противодействию радикализации помогут направить людей на путь мирного разрешения конфликтов.

### 5. Интеграция и социальная поддержка.

Важно помочь людям, особенно молодежи, найти своё место в обществе и дать возможность развиваться без чувства отчуждения. Это могут быть программы поддержки, помощь в трудоустройстве и развитии социальных связей. Всё это поможет снизить привлекательность экстремистских групп.

### 6. Сотрудничество между странами и организациями.

Противодействие такфиризму требует сотрудничества на международном уровне. Страны должны обмениваться информацией о террористических группах и работать вместе, чтобы предотвратить насилие и экстремизм, а также ликвидировать их финансовые потоки.

### 7. Психологическая помощь.

Молодежи и людям, подверженным радикализации, нужно предоставлять психологическую помощь, чтобы помочь им справиться с личными проблемами и предотвратить вовлечение в насилие.

Таким образом, противодействие такфиризму – это комплексная работа, включающая образование, религиозные усилия, социальную поддержку и международное сотрудничество. Основная цель – вернуть людей к миру, толерантности и взаимопониманию.

Жолдас ҚОСПАҚҰЛЫ,  
Главный имам Павлодарской области

### 1. Обвинение в неверии (кафирство).

Такфиризм – это идея, что, если кто-то не следует строго определённым религиозным правилам или интерпретациям Ислама, его можно считать «неверным» (кафиром). Это означает, что такой человек, по мнению сторонников такфиризма, выходит из исламской общины и может быть наказан.

### 2. Жёсткое разделение на «верных» и «неверных».

В этой идеологии людей делят на две категории: придерживающиеся строго определённых взглядов считают «истинно верующими», а все остальные – «неверными». Это разделение часто используют для оправдания насилия и агрессии.

### 3. Применение насилия.

Сторонники такфиризма считают, что можно использовать насилие для борьбы с теми, кто не придерживается их представлений об Исламе. Это выдают за «священную войну» или «защиту религии».

### 4. Отрицание свободы вероисповедания.

В такфиризме нет места религиозной толерантности. Люди, которые не следуют строгим религиозным канонам, часто воспринимаются как враги Ислама, и это часто ведёт к экстремизму.

### 5. Игнорирование традиционного исламского учения.

Большинство мусульманских учёных и традиционных религиозных лидеров осуждают такфиризм, утверждая, что только опытные и авторитетные религиозные авторитеты могут определять, кто является истинным мусульманином, а кто – нет.

### 6. Идея «чистой» веры.

Такфиризм пропагандирует идею, что только определённая интерпретация Ислама является «чистой» и «истинной», а все остальные направления и практики ошибочны. Это часто приводит к радикализации, так как сторонники такфиризма считают, что их понимание религии – единственно правильное, а все остальные мусульмане, которые не согласны с ними, – «неверные» или «отступники».

### 7. Политизация религии.

Такфиризм часто используют как политический инструмент для оправдания насилия и захвата власти. Многие экстремистские группы, поддерживающие такфиризм, пытаются утвердить своё видение Ислама на политической арене, отвергая любые формы правительств и институтов, которые не соответствуют их жестким религиозным требованиям.

### 8. Поричание общества и государства.

Сторонники такфиризма часто выступают против существующих правительств и общественных структур, обвиняя их в том, что они не следуют строгим исламским законам. Это приводит к политической и социальной дестабилизации, так как такие группы пытаются создать альтернативные, радикальные модели власти.

### 9. Мобильность и пропаганда через интернет.

В современном мире такфиризм активно распространяется через интернет и социальные сети.

**Ж**ЕҢІЛ АТЛЕТИКА ӘЛЕМІНДЕ ЖАРҚ ЕТКЕН ЖҮЛДЫЗДАРДЫҢ БІРІ, СПРИНТТЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ ЭРИ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ ФРЕД КЕРЛИ ИСЛАМ ДІНІН ҚАБЫЛДАҒАНЫН ЖАРИЯ ЕТТІ. БҮЛ ЖАЙЫНДА ОЛ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ПАРАҚШАСЫНДА БӨЛІСІП, ОҚЫРМАНДАРЫНА ӘСЕРЛІ ЖАЗБА ҚАЛДЫРДЫ.

## ӘЙГІЛІ СПРИНТЕР ИСЛАМ ДІНІН ҚАБЫЛДАДЫ



30 жастағы спортшы мешітке тілін кәлимаға келтірді. Желіде жарияланған бейнежазбада оның жүзінен шынайы тебіреніс пен ішкі тыныштықтың лебі сезіледі. Фред Керли жазбасында: «Олар мені сындырып тастамақ болды, бірақ Алла мені қайта қалпына келтірді. Бүгін мен кәлима айттым. Мен тандалдым, қорғалдым», — деп жазды. Бұл оқиға спортшының жанкүйерлері мен әріптестері тарапынан қолдауға ие болды. Көпшілігі оның бұл қадамын рухани ізденістің жемісі ғана емес, сонымен қатар өмір жолында бағыт-бағдар іздегендерге жігер беретін жарқын үлгі деп бағалап отыр.

Спорттағы табысымен ғана емес, өмірлік таңдауымен де көпшіліктің назарын аударған Фред Керли бүгінде жеңіс тек мәре сызығынан өту ғана емес, жан тыныштығын табу екенін дәлелдегендей.

## МОХАМЕД САЛАХ — ЕҢ ҮЗДІК ФУТБОЛШЫ

**Ағылшын Премьер-лигасының үздік ойыншыларына арналған GiveMeSport рейтингінде «Ливерпульдің» шабуылшысы Мохамед Салах көш бастады. Мысырлық футболшы ағылшын футболының қазіргі кезеңдегі ең жарқын жұлдызы ретінде танылып отыр.**




2024–2025 жылғы маусымдағы ойын деңгейі, Премьер-лигадағы жалпы карьералық жетістіктер, командаға қосқан үлесі, нәтижелі әрекеттері мен есте қаларлық ойындары: рейтинг осындай бірнеше негізгі көрсеткішке сүйене отырып жасалған.

Салахтың ізін ала екінші орынға оның командасы «Ливерпуль» капитандарының бірі Вирджил ван Дейк жайғасса,

## ӘЛЕМДЕ МҰСЫЛМАНДАР КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

PEW RESEARCH CENTER ҰЙЫМЫНЫҢ 2025 ЖЫЛЫ ЖАРИЯЛАҒАН ЗЕРТТЕУІНЕ СӘЙКЕС, 2010-2020 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДА МҰСЫЛМАНДАР САНЫ ӘЛЕМ БОЙЫНША 347 МИЛЛИОН АДАМҒА АРТҚАН. БҮЛ — ЖАҒАНДЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ТІРКЕЛГЕН ЕҢ ЖОҒАРЫ ДІНИ ӨСІМ КӨРСЕТКІШІ.



2020 жылы Ислам дінін ұстанушылар саны шамамен 2 миллиардқа жетіп, жер бетіндегі халықтың 25,6 пайызын құрады. Бұл көрсеткіш мұсылмандардың жер шары халқының төрттен біріне жуық бөлігін құрайтынын білдіреді. Зерттеуде атап өтілгендей, бұл өсім көбіне табиғи демографиялық үрдістерге байланысты. Яғни мұсылман қауымының жас болуы және туу көрсеткішінің жоғары деңгейде сақталуы негізгі фактор саналады. Мәселен, 2015–2020 жылдар аралығында мұсылман әйелдерінің орташа туу көрсеткіші 2,9 бала болса, басқа дін өкілдері арасында бұл көрсеткіш 2,2 бала деңгейінде қалған.

Сарапшылар мұсылман халықтарының орташа жасы 24-те екенін, ал басқа дін өкілдері арасында бұл көрсеткіш 33 жас шамасында екенін атап өтті. Бұл да Ислам дінінің алдағы жылдары да қарқынды дамитынын меңзейді.

Географиялық тұрғыдан қарағанда, мұсылмандар ең көп шоғырланған аймақ — Азия мен Тынық мұхит өңірі. Бұл жерде 1,2 миллиардқа жуық мұсылман тұрады. Бұдан кейінгі орындарда Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка (414 миллион), сондай-ақ Сахарадан оңтүстікке қарай орналасқан Африка аймағы (369 миллион) тұр.

## СИРИЯЛЫҚ БОСҚЫН ҰШАҚТЫ ТІЗГІНДЕДІ

БҮҰ-НЫҢ БОСҚЫНДАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ ЖОҒАРҒЫ КОМИССАРЫ БАСҚАРМАСЫ ӨЗІНІҢ ІЗГІ НИЕТ ЕЛІШСІ МАЙЯ ГАЗАЛЬДІ ТАРИХИ ЖЕТІСТІГІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ. ОЛ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҰШАҚ БАСҚАРУ ЛИЦЕНЗИЯСЫН АЛҒАН БОСҚЫН МӘРТЕБЕСІНДЕГІ ӘЛЕМДЕГІ АЛҒАШҚЫ ӘЙЕЛ АТАНДЫ.

Майя Газаль 10 жыл бұрын, бала күнінде Ұлыбританияға Сириядан босқын ретінде келген еді. Осы жылдың шілдесінде ол Boeing 737 ұшағын басқаруға рұқсат беретін екінші пилот куәлігін ресми түрде алды. Сертификат табыстау салтанаты Англияның

Бристоль қаласындағы Аэроғарыш музейінде өтті. Бұл күн оның Ұлыбританияға келгеніне тура 10 жыл толуымен тұспа-тұс келді.

Майя Сирия астанасы Дамаск қаласында дүниеге келген. Салтанатты рәсім кезінде ол балалық шағын сағынышпен еске алды. «Сирияда мен қарапайым өмір сүрдім. Үлкен отбасым, достарым, сүйікті үйім болды. Бірақ соғыс басталып, мектептеріміз бомбыланып, үш рет білім орнын ауыстыруыма тура келді», — деді ол. Қауіп күннен-күнге үдей түскен соң Майяның әкесі Еуропаға көшіп, Ұлыбританиядан босқын мәртебесін алған. Артынша анасы мен іні-қарындастары да

отбасыны біріктіру бағдарламасы арқылы келіп қосылған. Майяның өмірін өзгерткен сәт Лондондағы Хитроу әуежайының жанынан өткен сәтте басталды. «Ұшып-қонған ұшақтардан көз ала алмадым. Сол сәтте мен де ұшқыш болғым келетінін түсіндім» дейді ол. Алайда бұл арманды іске асыру оңай болған жоқ. Ол ағылшын тілін меңгеріп, авиация инженериясы саласында жоғары білім алды. 2023 жылы TUI әуе компаниясының 19 айлық қарқынды даярлау бағдарламасына қабылданды. «Бұл оңай болмады, бірақ кабинада отырған сәттің өзі — ерекше сезім. Ұшақ басқару — өз тағдырыңды басқару», — дейді Майя Газаль.



Дайындаған Агерке БЕКҚҰЛ

## ҮЙРЕНУГЕ ЕШТЕҢЕ КЕДЕРГІ ЕМЕС

**1999** ЖЫЛЫ МАРМАРАДАҒЫ ЖОЙҚЫН ЖЕР СІЛКІНІСІНДЕ ЕКІ АЯҒЫНАН АЙЫРЫЛҒАН УФУК КОДЖАК БҮТІНДЕ СҮңГҮІР СПОРТЫНАН ТӘЖІРИБЕЛІ НУСҚАУШЫ АТАНЫП, ТУРИСТЕРГЕ ТЕНІЗ ТҮБІН БАҒЫНДЫРУДЫ ҮЙРЕТІП ЖҮР. БҮЛ ТУРАЛЫ САВАН БАСЫЛЫМЫ ЖАЗДЫ.

Қазір 49 жастағы азамат сол бір ауыр күнді ұмытқан емес. Үйінің қирандыларының астында үш күн жатып, ампутиациядан кейін өмірін жаңадан бастауға бел буған. «Мен бәрін басынан бастай аламын» деп өзіне серт берген Уфук Коджак кейін протез бен арбаға қарамастан спорттың бірнеше түрін меңгерді. Ол дайвинг, альпинизм, виндсерфинг және арбамен ойнайтын баскетболға белсенді қатысады.

Өмірлік күресін «Sngsz» («Шекарасыз») атты кітабында баяндап, адамның ішкі және сыртқы кедергілермен қалай күресе алатынын көрсеткен. Ал 2023 жылғы 6 ақпандағы Түркиядағы жойқын зілзаладан кейін ол аяқ-қолынан айырылған жандарға психологиялық қолдау көрсетіп, үміт отын жағуға тырысқан.

Түркияның Жастар және спорт министрлігінің қолдауымен «Қайта өмірге қадам» атты спорттық лагерь ұйымдастырып, сол апаттан аман қалған 50 адамға дайвинг, атқа міну, жүзу және



канозмен есуді үйретті. 2017 жылы Уфук Коджак фридайвингтен 30 метрге сүңгіп, әлемдік рекорд орнатқан.

## ИНДОНЕЗИЯДА ВУЛКАН ОЯНДЫ



Индонезияның Флорес аралында орналасқан Левотоби жанартауы қайтадан атқылай бастады. Қазіргі таңда жанартаудың Лаки-лаки атты белсенді кратерінен 11,5 шақырым биіктікке күл бағаны көтерілуде.

үздік үштікті «Манчестер Сити» шабуылшысы Эрлинг Холанд түйінделі. Үздік бестікке «Арсеналдың» қос өкілі жартылай қорғаушы Деклан Райс (4-орын) пен Букайо Сака (5-орын) енді. Алты ойыншысымен «Ливерпуль» бұл рейтингте көш бастап тұр. Салах пен Ван Дейктен бөлек, тізімге Алиссон (9-орын), Флориан Виртц (11), Алексис Мак Аллистер мен Райан Гривенберх те енген. Рейтинг АПЛ-дың қазіргі таңдағы деңгейін ғана емес, клубтардың ойын сапасы мен футболшыларының тұрақтылығын да айқын көрсетіп отыр.

Левотоби жанартауы екі шыңнан тұрады. Олардың ішіндегі белсендірегі — теңіз деңгейінен 1584 метр биіктікте орналасқан Лаки-лаки. Ал екінші шыңы — Перемпуан 1703 метр биіктікте орналасқан, алайда ол әзірге тыныш күйде.

Бұл көріністі көрген жергілікті тұрғындар мен туристер табиғаттың тылсым күшін әлеуметтік желілерде видео және фото арқылы бөлісіп, ел назарын аударып жатыр. Алайда биілік өкілдері

тұрғындарды қауіпсіздікке мән беруге шақырып, жанартаудан кемінде 6 шақырым қашықтықта болуға кеңес беруде. Қажет болған жағдайда маска мен респиратор қолдану ұсынылған. Флорес аралында шамамен 2 миллион адам тұрады. Қазіргі таңда эвакуациялау туралы ресми ақпарат тараған жоқ.

2025 ЖЫЛҒЫ ШІЛДЕДЕ МЕККЕ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҚАСИЕТТІ ҚАҒБАНЫ ТАЗАРТУ РӘСІМІ САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ ӨТТІ. ЖЫЛЫНА ЕКІ РЕТ МҰХАРРАМ ЖӘНЕ ШАҒБАН АЙЛАРЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫН БҮЛ РУХАНИ ШАРА ИСЛАМ ӘЛЕМІНДЕ ЕРЕКШЕ ОРЫНҒА ИЕ.

## МЕККЕДЕ ҚАҒБАНЫ ТАЗАЛАУ РӘСІМІ ӨТТІ



Рәсім таң намазынан кейін басталды. Қағбаның есігі ашылып, Сауд Арабиясы королі Салман бин Әбделәзиздің тапсырмасымен Мекке әмірлігінің өкілі ханзада Сауд бин Мишал бин Әбделәзиз рәсімді жүргізді. Тазалау жұмысына Ислам елдерінің дін басшылары, зияратшылар және қасиетті мешіттің қызметкерлері қатысты.

Қағбаның ішкі және сыртқы қабырғаларын жуу үшін арнайы дайындалған қоспалар қолданылды. Атап айтқанда, рәсім барысында 20 литр зәмзәм суы, 540 миллилитр Таиф раушан суы, 80 миллилитр уд майы, 11 литр хош иісті ерітінді, 3 миллилитр мускус, 500 миллилитр Таиф майы және 500 грамм уд шегесі пайдаланылды. Бұл қоспалар мешітке жағымды иіс беріп, тазалықпен қатар рухани тереңдік сыйлайды.

Қағбаны тазалау — мұсылман жұртының құбылаға деген ықыласын, сүйіспеншілігін және құрметін білдіретін салт. Бұл дәстүр Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) заманынан бері жалғасып келеді. Қағбаны жуу рәсімі сыртқы тазалық қана емес, мұсылман жүрегінің тазалығы мен бірлікке үндейтін мағыналы амал. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі мұсылмандар бұл сәтті үлкен толғаныспен бақылап отырды.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ресми газеті

Munara

Меншік иесі: «Munara gazeti» ЖШС

Директор-бас редактор — Серікбол ХАСАН

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ (төраға)  
Кенжетай ДҮЙСЕНБАЙ  
Сансызбай ҚҰРБАНҰЛЫ  
Ермек МҰҚАТАЙ  
Ершат ОҢҒАР  
Смайыл СЕЙТБЕКОВ  
Батыржан МАНСУРОВ  
Нұрлан ҚАЙЫРБЕКОВ  
Жәнділла БЕКЖІГТОВ  
Марат ЖАППАСБАЕВ  
Ерболат ЖҮСПОВ  
Бақдәулет АБДРАХМАНОВ  
Төлеби ОСПАН  
Қуаныш СӘБИТ

Болатбек АБУ  
Асқар ЗӘКІРЖАНҰЛЫ  
Естай АЙТУҒАНҰЛЫ  
Дастан ҚҰРМАНБАЕВ  
Әнуар ЕЛЖАНОВ  
Самат ҚАНАТҚАЛИҰЛЫ  
Жолдас ҚОСПАҚҰЛЫ  
Хамзат ҚАЖЫМҰРАТУЛЫ  
Ержан ТӨЛЕПОВ  
Мадияр ПІРІМҚҰЛОВ  
Асқар МҰҚАНОВ  
Керімбек ДӘУІТОВ  
Қанат ҚЫДЫРМИН  
Бектұрсын УӘЛИЕВ  
Бейбіт ЖАНСАРИН  
Амантай САДИЕВ  
Думан НӘДІРҰЛЫ

Шеф редактор — Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ

Шариғи редактор — Бауыржан ӘБДУӘЛІ

Жауапты хатшы — Елдар ҚАБА

Фототілші — Қайсар ТҰРЛЫБЕКОВ

Корректор — Жәңель ӨТЕГЕН

Редакцияның мекенжайы: Астана қаласы, Қарасаз, 3 «Munara» газетінің редакциясы

Пошта: munara@muftyat.kz  
Телефон: 8 (7172) 999866  
Жазылу индексі: 64747

Газет айына 2 рет шығады

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 08.10.2019 жылы тіркеліп, №К226VPY00015760 куәлігі берілген.

«Munara» газеті редакциясының компьютерлік орталығында беттелді.

ТАРАЛЫМЫ — 25 000

Тапсырыс: №1025 Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 369 «Гамма-Принт» ЖШС  
Тел: +7 (727) 247-98-30

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Басылымда Алла Тағаланың есімі мен Құран аяттары жазылғандықтан, газетті аяқасты етпеулеріңізді сұраймыз.